



САЛТ-ДӘСТҮР
САФ МҰРАМЫЗ

2-бет



ОҚУЛЫҚТАР
САПАСЫ
АРТАДЫ

5-бет



ҚАРА
АҒАШ
ТҮБІНДЕГІ
ОҚИҒА

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№20 (3551) 14 наурыз 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ - МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Парламент Сенаты жанындағы Жас сарапшылар клубының кезекті отырысы өтті. Онда, қатысушылар су қауіпсіздігі мәселесін талқылады. Отырыс барысында сарапшылар су резервтерін басқаруды жақсарту жөнінде ұсыныстарын жасап, пікірлерін де білдірді. Іс-шараға Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова қатысты.

(Соңы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Ақмарал БАХТИЯРҚЫЗЫ, заң
ғылымдарының кандидаты, заңгер:

«БИЫЛҒЫ САЙЛАУ - ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК»

– Ақмарал Бахтиярқызы, өзіңіз білетіндей сайлау туралы заңға бірнеше өзгеріс енгізілген болатын. Осыған сай биылғы сайлауда да біраз жаңалықтар бар сияқты. Осы өзгерістер жайлы айта отырсаңыз.

– Баршамызға мәлім биылғы жылдың 19 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжілісті таратқан болатын. Кейін ағымдағы жылдың 19 наурызында «Депутаттарды кезектен тыс сайлау туралы» жарлыққа қол қойды. Бұл жолғы сайлаудың ерекшелігі – Мәжіліс және мәслихаттарға үміткерлердің аралас дауыс беру жүйесімен өткізілуі. Негізі сайлаудың бұл түрін жаңашылдық деп те атауға келмейді. Бұрында да аралас сайлау өткізілген болатын. Үміткерлер Мәжіліс палатасына 70% партия атынан, ал қалған 30% үміткер, облыстық мәслихатқа 50%, аудандық және қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер 100% мажоритарлық жүйе негізінде сайланады. Екіншіден, бір мандатпен кез келген Қазақстан азаматы депутаттыққа үміткер бола алады. Үшіншіден, Мәжіліске өту пайызы 5%-ға төмендетілді, бұрын өту межесі 7%-ды құрайтын. Бұл дегеніңіз саясатқа араласамын деген жастарға беріліп жатқан үлкен мүмкіндік десе де болады. Мажоритарлық жүйе бойынша бір мандаттық округтен сайланатын азаматтар Мәжіліс палатасына келсе, үлкен өзгеріс, жаңа леп әкеледі деп сенуге болады.

– Жаңадан қосылып жатқан партиялардың беталысы, ұстанымы туралы не айтар едіңіз?

– Биылғы сайлауға жаңа 2 саяси партия тіркелді. Оның ішінде «Байтақ» жасылдар партиясының экологиялық мониторингтің болмауынан елімізде орын алып жатқан экологиялық мәселелердің шешімін табуға атсалысамыз дегендері, әрине құптарлық іс. Кезінде Олжас Сүлейменов, Мәлс Елеусізов, Оразалы Сәбден сияқты тұлғалар жер анамызды сақтап, табиғатты қорғауға атсалысқан болатын.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

НЕКЕ ШАРТЫ - АЖЫРАСПАУДЫҢ КЕПІЛІ

Отбасы – теңдессіз құндылық. Некенің мықты болуы мемлекет үшін де, келешек ұрпақ үшін де орасан зор мәнге ие. Десек те, некедегі дау-дамай, тартыс-талас, келеңсіздіктер – біздің еліміздегі ғана емес, әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Атап айтар болсақ, олардың қатарына – неке шарты бойынша ерлі-зайыптылардың өзара жауапкершілігі, шарттың құқықтық реттелуі, олардың еңбек өтілінен түскен табыстары, зейнетақы, жәрдемақы, арнайы мақсаты жоқ басқа да табыстар, жекеменшіктегі мүлкінің заңдық режимінен бастап, неке шартын өзгерту және бұзуға дейінгі мәселелер кіреді. Бұл – әлем елдерін толғандыратын тақырып болғандықтан, өзге шет мемлекеттердің неке шартындағы теориялық және практикалық деректерді келтіргеніміз жөн.

Жалпы, неке шартын жасаудың маңызына тұрғындардың көпшілігі мән бермейді. Бұл құқықтық тетік кейінгі кезде ғана кеңінен тарала бастады. Неке және отбасы туралы кодекстің 39-бабында неке шарты туралы айтылған. Мұнда неке шарты – некеге отыратын, некесі бұзылған немесе некедегі ерлі-зайыптылардың құқықтық міндеттерін растайтын келісім екендігі жазылған.

Дегенмен де, шарт екеуара еріктілікте құрылады. Бұл құжатты ерлі-зайыптылар жасаса да, жасамаса да болады. Негізі, Кеңес

үкіметі құлаған соң, ТМД елдері неке шартын қайта қарай бастады, солай жасау керек болды. Ал біздің еліміздегі алғашқы жұмыстар 1993 жылдан басталды. 1998 жылы «Неке және отбасы туралы» заңнама толығымен Қазақ ССР заңын алмастырды.

Неке шарты туралы мұсылман қауымы, соның ішінде ханафи мазһабы, дәстүрлі неке шартын жалғастырып келе жатыр. Оған бүгінде бұрынғыға қарағанда кең тарай бастаған «мәхр» түсінігін мысал ретінде айтып өтсек болады. Некеге тұрғанда күйеуі әйеліне қандай да бір мүлік беру керек. Оның не зат екені сол неке шартында қалыңдықтың қалауымен анықталады. Неке бұзылғанда, ажырасқанда, әйел жесір қалған жағдайда ол мүлік әйелде қала береді. Бұл шарт мұсылман елдерінің

біразына ортақ. Көне заманда әйелдің жесір қалуы, асыраушысыз қалуы жиі кездескендіктен мұндай тетіктің қаншалықты тиімді болатынын түсіндіру артық. Ал бүгінгі ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік үлестерді анықтауда арнайы заңдарды бағдар еткен дұрыс. Онда да жазбаша түрде, келісімді нотариустың көмегімен рәсімдеген орынды.

Шет мемлекеттерден АҚШ-тағы неке шартын құрастырудағы қызық деректі байқаймыз. Әрине, біз үшін қызық көрінеді, дегенмен, олар әрбір ұсақ-түйекке мән береді екен. Мәселен, «бір тәулікте бір-бірімен кем дегенде жарты сағат сөйлесу керек» деген шарт кездеседі. Күлкілі көрінгенімен, бұл шарт ашық коммуникацияға, дау-дамайдың алдын алуға, ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігіне жол ашады деп білемін.

Ал Үндістанда неке шарты жасалмайды. Себебі, неке әрбір адамда бір рет қана болу керек деген түсінікті қатаң ұстанады. Соңғы уақыттарда, Үндістанның өзінде ажырасу дерегінің біртіндеп өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл заңды тиімсіз деп тануға тура келеді.

(Соңы 6-бетте)

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ - МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отырысты ашқан Сенат төрағасы су тапшылығы және оның сарқылуы алдағы кезеңдегі жаһандық сын-қатерлердің бірі болатынын атап өтті.

«Сумен қамтамасыз ету мәселесі Орталық Азия, оның ішінде біздің еліміз үшін өте өзекті. Қазақстанның бірқатар өңірінде су тапшылығы айтарлықтай сезіледі. Сондай-ақ, ұлттық экономика, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік кешеннің дамуы да көбіне елдің сумен қамтамасыз етілуімен байланысты», – деді. Сонымен қатар, палата спикері іргелес мемлекеттермен су бөлудің және трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдаланудың маңызына назар аударды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді шешу үшін Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеуді тапсырды. Қазіргі қолданыстағы Су кодексі 2003 жылы қабылданған. Содан бері оған 70-тен астам өзгеріс енгізілді. Бұл құжатта су, ең алдымен, өндіріс факторы ретінде қарастырылады. Ал суды үнемдеу мен үнемді пайдалануға ынталандыру мәселелері ескерілмеген. Сондықтан қазір Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен депутаттардың алдында жаңа Су кодексі әзірлеу міндеті тұр. Ол құжатта су саясатына қатысты жаңа, заманауи тәсілдер ұсынылуға тиіс», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат төрағасы азаматтардың, шаруалардың және

кәсіпорындардың суды тиімді тұтынуын ынталандыратын жүйелі нормалар қажет екенін де тілге тиек етті. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда және тұрғын үй-коммуналдық салада суды пайдалану мен тазалаудың тұйық циклін қалыптастыру осы бағыттағы маңызды міндеттердің бірі болуы керектігі айтылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова отырысқа қатысушыларға су саласындағы мәселелерге байланысты айтқан кешенді көзқарастары және бүгінгі жағдайды жан-жақты талдағаны үшін алғысын білдірді.

Одан бөлек, министр жаңа идеяларды әзірлеуде мемлекеттік сарапшылармен бірлесіп жұмыс істеу маңызды екенін атап өтті және алдағы уақытта өзекті мәселелер бойынша жүйелі ынтымақтастық орнатуға дайын екендігін білдірді.

Іс-шараға қатысқан Жас сарапшылар клубының мүшелері де тұжырымдаманың орнықты дамуы мен практикада қолданылуына, әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен экожүйелерді сақтауға, климаттық тәуекелдерді реттеудің халықаралық тәжірибесіне және су қауіпсіздігінің басқа да өзекті мәселелеріне қатысты ойларымен бөлісіп, бірқатар ұсыныстарын айтты.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САЛТ-ДӘСТҮР САФ МҰРАМЫЗ

Көшпелі өмір салты қазақтың рухани дүниесіне, дүниетанымына, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне өзіндік ізін қалдырды. Жалпы, қазақ мәдениеті дамуының ұзақ тарихында мол рухани мұра қалыптасты. Көптеген көшпелі халықтар сияқты қазақтарға да аңыздар, ертегілер, эпостар, шежірелер арқылы ауызша ақпарат беру тән. Көшпелілер өздерінің мәдени дәстүрлерін ерекше қастерлеп қорғады және іс жүзінде басқа этностардың мәдениеттерінің ықпалына жол бермеді. Сол арқылы бүгінгі күні біз байқап отырған қасиеттің рухани негізін сақтап қалды.

Көшпелілердің өміріне қатал климатқа бейімделу, жайылымдардың өзгеруі, су көздерінің жетіспеушілігі, қарсыластардың шабуыл жасау қаупі, мал бағу секілді күрделі тіршілік үрдісі тән болды. Қазақ арасында – «Мал ашуы – жан ашуы», «Мал дерті – жан азабы» немесе «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық, үшінші байлық – он саулық», сияқты халық мақалдарымен дәлелденетін құндылықтар соның дәлелі.

Көшпелі өмір салтының күрделілігі жас ұрпақ тәрбиесіне де әсер етті. Патриархалдық қазақ отбасы ғасырлар бойы ананы қастерлеу, әкені құрметтеу, отағасы және ұрпақ жалғастыру, ата-баба рухын ардақтау секілді әлеуметтік негіздер, қоршаған әлем мен табиғатқа адамгершілік қатынастан тұратын дәстүрлі құндылықтарды қалыптастырды.

Қазақ отбасында көп деңгейлі құрылым болды, әдетте бірнеше ұрпақтың адамдары – аталар мен әжелер, әкелер мен шешелер, үйленбеген ағалар мен апалар, балалар бірге өмір сүрді. Қазақ қоғамында жас ұрпақты тәрбиелеуде қарттардың ықпалы зор. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Туыстық қатынасқа рұқсат беретін шариғат тарағанымен жетінші дәрежеге дейін некеге тұруға тыйым салу қасиетті ереже болып қала береді. Қазақтар бала кезінен 7-ұрпаққа дейін өз шежіресін жақсы білген, оны үлкен туыстары – ақсақалдар ұстанған.

Ата-ананың киіз үйі балалар үшін киелі орын саналған. Тұрмысқа шығып, тұңғышын дүниеге әкелген қыздың бірінші баласымен әкесінің үйіне келуі міндеттелді. Күйеуінің әке-шешесінің киіз үйіне кірген келіндері ата-бабаларына деген құрметтің

белгісі ретінде әрқашан иіліп сәлем беріп отырады.

Қазақ отбасында балаға деген көзқарас өте қастерлі, соның ішінде тұңғыш бала ерекше орын алған. Ғасырлар тәжірибесі мен көне наным-сенімдерге негізделген көптеген салт-дәстүрлер бала тәрбиесімен байланысты. Белгілі тарихшы Ж.Артықбаев «Қазақ қоғамы: дәстүрлер мен инновациялар» атты еңбегінде ұлдың дүниеге келуіне байланысты оқиғаның салтанатты сипатқа ие болғанын, көбіне тек отбасылық қуаныш шеңберінде қалып қоймайтынын айтады. Баланың туған күнінде ауыл жастары жиналып, таңға дейін көңіл көтереді, өйткені шулы көңілді дауыстар зұлым күштерді қорқытады деп есептелген.

Қыздар мен ұлдардың тәрбиесінде айырмашылықтар болды. Көшпелілердің балалары ерте есейген. Жалпы, қазақ халқында 13–15 жаста балалар ересектер болып саналып, оларға қауымдық жиналыстарға қатысуға рұқсат етілді, шаруашылық және өндірістік жұмыстарға көптеп тартылды. Тарихшылар Қ.Қ.Шалғынбаева мен Б.Ж.Жиен-таева «Еңбек халық тәрбиесінің факторы ретінде» атты зерттеуінде көшпелі қоғамдағы ұл бала тәрбиесі туралы еңбектерінде «... рудың мұрагері ретінде ұл балаларға ерекше рөл берілген. Өйткені, көшпелі өмір салты ерлерден ең алдымен рудың асыраушысы, жауынгері, қорғаны болуын талап етті. Оларға батылдық, төзімділік, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді сіңірген. Қазақ ер балаларын 5–6 жасдан бастап қозы бағуға, мал шаруашылығынан құрал-сайман жасауға (қамшы, шідер, тері тігу, қару-жарақ, т.б.), қора салуға, сондай-ақ, т.б. атқа міну сияқты дағдыларға баулыған» деп жазды.

Ұл отбасын құрған бойда жеке шаруашылық иеленді. Жетінші ұрпаққа дейін бір-бірімен қандас көшпелілер туыстықты құрады. 15–20 туыс отбасылардың осылай қатар өмір сүруі

көшпелілердің өмір сүру мүмкіндігін арттырды.

Халқымызда ойын ойнау оқу, еңбекпен қатар, адам әрекетінің ерекше түріне жатады. Қазақтардың өмірінде тәрбиелік, әскери-спорттық, ғұрыптық, эстетикалық және коммуникативті қызметтер атқаратын мерекелер мен ойындардың әлеуметтік маңызы зор болды. Ат жарыс ойындары жастардың бойында күш-қуатты, ептілік пен батылдықты қалыптастырады. Сондай-ақ, әскери қолданбалы өнердің дамуымен садақ ату жарыстары дамыды. Күрес (қазақ күресі) халық арасында кең тараған, жастардың қыз қуу, алтыбақан, ақсүйек, сондай-ақ, бәйге ойындары өте әсерлі болды және олар әдетте үлкен мерекелер мен астарда өтетін.

Қазақ – бүгінде отырықшы өмір салтына көшкен, бірақ мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін қастерлеп сақтап келе жатқан бірегей халық. Шексіз далада үздіксіз саяхаттау, қауым болып өмір сүру, діни наным-сенімдердің ерекшеліктері – осының бәрі бүгінде Қазақстанның дәстүрі деп аталатын әдет-ғұрыптардың бірегей жиынтығын тудырды. Кейбір дәстүрлер іс жүзінде өмір сүру дағдыларын дамытуға көмектесті, бірқатары киелі мағынаға ие болды, тағы біразы қарым-қатынас пен әлеуметтенуді дамыту үшін жасалса, ендігі бір тобы қазақ халқының мәдениеті мен оның болмысының қалыптасуына негіз болды.

Бүгінгі таңда қазақ халқының салт-дәстүрлері – сенім, ашықтық, толеранттылық, салт-дәстүр деген төрт ұстанымға негізделген ұлттық доктринаның бір бөлігі. Ел басылығы ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау мен жаңғыртуды қолдайды, сондықтан Қазақстанда қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрі туралы ақпараттарды таратып, насихаттау жолға қойылған.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



Тәуелсіздік алғалы елімізде үш рет референдум өткізілсе, соңғысы Жаңа Қазақстанды құру тарихымен байланысты. Осыған орай айтсақ, өткен жылы республикамыздың Ата Заңы бүкіл халықтың дауыс беруі нәтижесінде түзетілді. Ондағы басты мақсат негізінен ел дамуына кері әсер ететін сыбайлас жемқорлық пен бюрократияны түбегейлі жою, сол арқылы Қазақстанды әділдіктің территориясына айналдыру болды.

АДАМ ӨМІРІНЕН АРТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҚ

Қазақстандағы конституциялық реформалар ел игілігіне қызмет етуге, яғни, билік пен халық арасын барынша жақындатуға бағытталған. Мәселен, 6-баптың 3-тармағында жер мен оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер, жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екені нақты көрсетілуі, басқару ісіне қарапайым жұртшылықты көптеп тартуға басымдық берілуі көпшіліктің рухын көтерді. Бұған қоса заңдық күші бар нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауда атқарушы биліктің құзыреті кеңейтілді.

Халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында Президент өзінің өкілеттігін атқару кезінде партияға мүшелігін тоқтата тұруды және мұны заң жүзінде ресімдеуді ұсынған болатын. Бұл ұсыныс ескерусіз қалмай, Конституциямен бекітілді. Сонымен бірге, Конституциялық Жоғарғы және басқа да соттардың төрағалары, судьялары, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата төрағалары мен мүшелерінің, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің партияларға, кәсіподақтарға кіруіне тыйым салынды. Бұл нормалар партиялар арасында тепе-теңдік қалыптастырады әрі бірдей дамуға жағдай жасайды.

Түзетулердің бастысы ретінде өлім жазасын біржолата алып тастауды атауға болады. Себебі, қай мемлекетте болсын адам өмірінен артық құндылық та, байлық та жоқ. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Адам заң үшін тұмайды. Заң – адам пайдасы үшін жазылады». Сондықтан, Алла берген өмірді қию моральдік

жағынан да, діни тұрғыдан да құпталмайды. Ата Заңның 15-бабының 2-тармағымен, яғни, «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады» – деп адам өмірі Ата Заңмен кепілдендірілді.

Елімізде заң мен сот алдында жұрттың барлығы тең, ешкімнің де лауазымына, тегіне, түр-түсіне, т.б. ерекшеліктеріне қарап, артықшылық берілмейді. Конституциямен айқындалған осы норма өкінішке қарай, іс жүзінде толық орындалмай келген еді. Референдум бұл олқылықтың да орнын толтырды. Нақтырақ айтсақ, Конституциядан елбасының ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алынып тасталды және бұдан былай Президент жақындарының мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларда басшылық қызмет атқаруына тосқауыл қойылды.

Конституциялық соттың қайта құрылуы заң үстемдігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, халық үнін еститін мемлекетке жеткізер бірден-бір жол саналады. Олай дейтініміз, аталған соттың көмегіне заң шығарушы органдар, сондай-ақ, қарапайым азаматтар, Бас Прокурор, Адам құқығы жөніндегі уәкіл тікелей жүгіну мүмкіндігіне ие болды. Жалпы алғанда, бұл орган азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатын заңдардың қабылдануына жол бермеуімен құнды.

Жұртшылықтың қолдауымен жаңартылған Конституция Жаңа Қазақстанды дамуың даңғыл жолына түсіретіне сенім мол.

Т. СМАҒҰЛ,
«Заң газеті»

Астанадағы Экономикалық зерттеулер институты Қазақстанның 25 қаласындағы 2022 жылғы өмір сапасының рейтингін жариялады. Ол «Экономика және бизнес», «Адами ресурстар» және «Инфрақұрылым» сияқты негізгі үш фактор бойынша бағаланған.

ӨМІР САПАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Олар өз ішінде – Экономикалық өсу; Материалдық әл-ауқат; Еңбек нарығы; Бизнес ортаны бағалау; Демографиялық жағдай; Білім сапасы; Халық денсаулығы; Мәдениет, спорт және демалыс; Көлік инфрақұрылымы; Тұру шарттары; Тұру жайылығы; ЖАО жұмысының тиімділігі; Қауіпсіздік; Қоршаған орта жағдайы сияқты 14 санат пен 89 көрсеткішке бөлінді. Көрсеткіштердің 53-і статистикалық, 36-сы қала тұрғындарының онлайн сауалнамасының нәтижелері бойынша қалыптастырылған.

Зерттеу қорытындысы бойынша қалалардың ешқайсысы теориялық тұрғыдан ықтимал 10 балл жинаған жоқ. Орташа балл шартты 5 балдан төмен болды – (4,75 балл). Мәселен, 25 қаланың 8-нің көрсеткіші 5-тен жоғары болса, бесеуінің көрсеткіші орташа, ал 12-сінің көрсеткіші орташадан төмен болды. 2021 жылмен салыстырғанда балл динамикасы бойынша ең көп өсім Түркістан, Жаңаөзен, Балқаш, Екібастұз және Степногорск қалаларында байқалып отыр. Ал баллдың ең үлкен теріс динамикасы Астана, Қарағанды, Ақтөбе, Қызылорда және Талдықорған қалаларында болды. Қатарынан үшінші жыл көшбасшы атанған Астана 2022 жылы 5,89

балл жинаса, 2021 жылы ықтимал 10 баллдың 6,67-сін иеленген. Қаланың ең маңызды мәселелері ретінде тұрғындарға тұрғын үйлердің қолжетімділігі, медициналық қызметтердің сапасын, білім сапасын, қаладағы атмосфералық ауаның ластануын, коммуналдық қызметтердің сапасын, қоғамдық көліктің жұмысын атап өтті. Былтыр үштен екіге көтерілген Атыраудың көрсеткіші – 5,43 балл (2021 жылы 8,49). Тұрғындардың пікірінше, қаланың негізгі проблемалары: ауаның ластануы, медициналық қызметтердің сапасы, сондай-ақ, қаладағы жолдардың жағдайы. Ал екіден үшінші орынға сырғыған Алматының көрсеткіші – 5,41 (2021 жылы 5,67) балл. Алматылықтарды атмосфералық ауаның ластануы, тұрғын үй мәселесі және қоғамдық көліктің жұмысы толғандырады.

Рейтингті Жезқазған, Сәтбаев, Семей қалалары түйіндеп отыр. Ықтимал 10 баллдың 3,89-ын жинаған Семейдегі негізгі проблемалар: коммуналдық қызметтердің сапасы – 94,7%; жолдардың жағдайы – 68,4%; қаладағы тазалық – 57,9%.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



САЙЛАУ

ҚОЛДАУ - СІЗДЕН, ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ - МЕНЕН!

Мен **ДАУТАЛИЕВ Ғани Сауыт-беқұлы** – Парламент Мәжілісінің депутатына Алматы қаласындағы Алатау ауданы мен Әуезов ауданының №3 бір мандаттық аумақтық сайлау округіне үміткер ретінде тіркелдім.

Өз аймағымның мәселесі өзіме жақсы таныс

Өзім жайлы қысқаша айтып кететін болсам, 1992 жылы 25 наурызда Алматы облысы, бұрынғы Райымбек ауданы, Кеген ауылында дүниеге келдім. Орта білімді Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданындағы №26 мектептің білікті ұстаздарынан алдым. Одан кейін Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология факультетін тәмамдадым.

Әкем – құрылысшы, анам – мемлекеттік қызметте жұмыс істеді. Бар ғұмырым адал еңбекке, тынымсыз жұмысқа арнаған ата-анам бізді де қоғамға жанашыр, жұмысқа жауапты, өз ісімізге тиянақты қарауға үйретті. Біз де ата-анамыздың үлгісімен үлкенді төбемізге көтердік, кішіден ізетімізді аямадық. Ортақ істен «өзіме қатысым жоқ» деп іргемізді алыстатқан кезіміз жоқ. Жеке басының мүддесінен көптің мүддесін биік қоятын ата-анамыздың жақсы әдетін біз де жалғастырып, ер жетіп, еңбекке араласқалы елдік мәселелерге етене араласа бастадық. Осы мақсатта Іле ауданында 2016–2020 жылдар аралығында VI шақырылым маслихат депутаты болдым. Яғни, менің өзіме сеніп тапсырылған аймақтың мұңын тыңдап, түйткілдерін шешуге, халық пен биліктің арасында алтын көпір болып, өзекті мәселелерді тарқатуға байланысты қалыптасқан өз тәжірибем бар.

Алғыс азаматты өсіреді

Депутат деген халықтың өкілі, өз

баласы. Көпшілік өзі жеткізе алмаған ойын депутаттар арқылы билікке жеткізгісі келеді, өз күшімен шеше алмаған қиындықты депутаттардың араласуымен реттеуді жөн санайды. Іле ауданында мәслихат депутаты болған кезде оған анық көзім жетті. Осы жылдар арасында аудандағы түрлі мәселелердің шешілуіне атсалыстым. Халыққа берген уәдемі орындап, халықтың ықыласына бөлендім. Аудандағы жастар, білім, денсаулық саласындағы түрлі жұмыстардың атқарылуына аянбай атсалыстым.

Депутат болған кезде үйренгенім аз емес. Ең бастысы мен елмен араласуға, елдің сөзін тыңдауға дағдыландым. Халық шын көңілмен назар аударып, риясыз зейін қойып тыңдаған жандарға жақын жүреді. Содан болар, мен де Іле ауданының мәслихатына депутат болған кезде аймақ мәселесін шешуге барша тұрғындарды біріктіре білдім. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демей ме қазақ. Сол секілді бір мақсатқа ұйып, бір істі оң шешуге жұдырықтай жұмылған жұртшылықтың арқасында аудандағы талай мәселелерді дер кезінде, оңтайлы шешкенімізді мақтанышпен айта аламын.

«Баталы ер арымас», «Алғыс алған алысқа барады» деген бабалар сөзі – менің өмірімнің кредосына айналған.

Кәсібің – нәсібің

Алған білімің өзіңе ғана емес, елге қызмет етуге жараса пайдалы.

Қазіргі таңда жеке кәсіппен айналысудамын. Өз кәсіпінді ашу – өз біліктілігіңді көтерудің, жеке қабілетіңді дамытудың кепілі. Кәсібін дөңгелеткен адам ешкімге тәуелді болмайды. Елге көмектесуде де, елдің сөзін сөйлеуде де жан-жағына жалтақтамайды. Өйт-

кені, кәсіпкердің табысы жасаған жұмысына, еңбегіне тәуелді. Сәйкесінше елдің ішінде ризығын тауып отырған кәсіп иесі барын айналасымен бөлісуге тырысатыны ақиқат. Мен де пандемия кезінде ауданымыздың тұрғындарына азық-түлік таратып, қиын жағдайда қалған азаматтардың аяғынан тік тұруына себепші болдым.

Төтенше жағдай еліміздегі талай кемшіліктерді көрсетіп берді. Бұл, әсіресе, нәпақасын жалдамалы жұмыс арқылы күнделікті алып отырған азаматтарға қиын тиді. Үйге қамалған жұрттың сенері жоқ еді. Осы бір сындарлы сәтте аудандағы кәсіпкерлерге ой тастап, қиналған жұртқа қолдау көрсете білгенімізді мақтанышпен айтамын. «Бірілгі бекем елдің белін ешкім сындырмас» дегендей, коронавирусқа тосқауыл қойып, карантин кезінде ел еңсесінің түспеуіне жүрегі кең азаматтардың көмегі көп болды. Карантин – біздің елімізді біріктіруге, ынтымағын нығайтуға қызмет етті.

Менің жоспарым

Алдағы уақытта халықтың қолдауымен Мәжіліс депутатына сайлануға бел буып отырмын. Жастар ел болашағы дейміз, алайда осы жастардың шешімі келе жатқан мәселелері өте көп. Менің негізгі алға қойған мақсатым – жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресу. Өзім жастар арасында жүргендіктен, жұмыссыздық пен құмар ойынға қызығушылықтың себебі, түпкі мәні маған жақсы таныс. Жұмыссыздық жастардың ең әуелі дұрыс мамандық таңдамауымен өзектес. Кейбір жастардың мектеп бітірген соң ата-анасының пікірімен мамандық таңдайтыны өтірік емес. Жүрегі қаламаған соң олар оқу орнын орта жолда тастап, немесе



ілініп-салынып бітіріп жатады. Мамандықты дұрыс меңгермеген соң мұндай түлектердің ыңғайлы жұмыс табу да екіталай. Сондықтан, жұмыссыздықты жою үшін бітіруші түлектердің дұрыс таңдау жасауына ықпал ететін дәрістер өткізген орынды. Мектеп әкімшілігінің мұрындық болуымен әр саланың білікті мамандарының кеңесін тыңдату да балаларға оң әсер етеді. Университет, институт бітіру – өмірден өз жолыңды табу дегенді білдірмейді. Бізде баланың қабілеті келсін, келмесін жоғары оқу орындарында оқыту белең алып кеткен. Кейбір жастарға тіпті, заңгер, экономист, мұғалім, дәрігерден басқа мамандық жоқ секілді көрінеді. Міне осындай теріс көзқарасты өзгертіп, балаларды қабілетіне қарай автоэлектрик, тұрмыстық заттарды жөндеуші, тігінші, шаштараз секілді ешқашан маңызды жоймайтын мамандықтарға бейімдеу керек. Жұмыссыздықтың салдарымен емес, осындай себебіне үңіліп, шешу арқылы біз жастардың өмір сүру сапасын жақсарту аламыз.

Жастар – біздің болашағымыз! Жастар – мемлекеттің жақсы, жайлы өмірінің кепілі. Сондықтан, жас буынның сапалы білім алуына, ұлттық салт-санамызбен тәрбиеленіп, рухы мықты болып өсуіне қажетті алғышарттарды жасауға көңіл бөлу аса маңызды. Тағы бір мәселе, баспана мәселесі.

Қаншама жастарымыз ипотека пайызының жоғары болуына байланысты үйсіз, пәтер жалдауға мәжбүр болып жүр. Сондықтан да, тиімді және қолжетімді тұрғын үй бағдарламасын ұсыну қажет. Жастарға сатып алу құқығынсыз берілген жалдамалы баспаналарды төмен пайызбен беруді ұсынамын.

Құрметті Қазақ елі!

Құрметті сайлаушылар!

2023 жылдың 19 наурызы елімізде барлық деңгейдегі мәслихаттардың және Мәжіліс депутаттарының сайлауы өтеді.

Парламент Мәжілісінің депутатына өзімнің оқып-өскен жерім Алматы қаласының Алатау ауданы мен Әуезов ауданының №3 бір мандаттық аумақтық сайлау округіне тіркелуді жөн көрдім. Себебі, мен халықтың қандай мұң-мұқтажы бар екенін ауданымыздың тұрғыны ретінде білемін, көріп келемін. Егер сіздер маған таңдау жасасаңыздар осы жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселелердің шешімін табуға бар күш-жігерімді саламын.

Қазір құрғақ уәде мен құлаққа жағымды жылы сөз айтып уақыт өткізетін заман емес! Дәл қазір елге тиімді мақсат-мүддені айқындап, нақты шешімдер қабылдап іске көшетін кезең. Себебі біздің басты байлығымыз – Халық, сол халықты жақсылыққа бастайтын бір-ақ жол, ол – ел азаматтарының еңбекқорлығы мен адалдығы! Ұят – арды сақтайды, арлыны – ел мақтайды. Халық сенімі мен үшін – мәртебе. Халқымның үкілі үмітін ақтап, сенімінен шыға білу – жауапты міндетім, азаматтық борышым.

Өтірік соқыр, Өтірік керең, Сараң, мылқау болмаймын. Үрікпеймін ақиқаттан, адамнан, Халқымның қамын ойлаймын. Қолдау – Сіздерден, ұлтқа қызмет ету – менен!

Мақсатым – жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту.

Үгіт-насихат ақысы республикалық бюджет есебінен Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының қорынан төленеді



КӨЗҚАРАС

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің тәжірибеге енгізілуіне екі жылға жуықтады. Осы аралықта дәл бұл құжат секілді көпшіліктің зор қызығушылығын тудырған нормативтік құқықтық акті болмағаны анық. Олай болатыны түсінікті де. Себебі бұл кодекстің қоғамдағы, құқықтық алаңдағы орны ерекше. Бұрын жария-құқықтық дауларда мемлекеттік органдардың құқығы басты орында тұрса, енді жаңа құжатты басшылыққа ала отырып жеке және заңды тұлғалардың құқығын қорғау, мүддесіне басымдық беру алдыңғы орынға шықты.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: ІЗДЕНІС пен ІРКІЛІС

Жалпы, кодекстің жобасы дайындалып, әкімшілік әділет институтын енгізу мәселесі талқыға салынғанда бұл бастаманың болашағына күмәнмен қарағандар аз болмады. Мұндай пікір білдіргендер көрші мемлекеттерде әкімшілік әділеттің кең қолданыс таппауын негіз етті. Оның үстіне, жаңа кодекс қабылданғанға дейін біздің елімізде жария-құқықтық дауларды реттеудің заңдық процессуалдық тетігі болғаны мәлім. Көпшілікті толық қанағаттандырмағанымен, бұл институттың өзіндік орны болғаны талассыз. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс Германиялық заңнаманы арқау етіп, немістердің тәжірибесіне сүйене отырып жасалған болатын. Сондықтан да басқа дамыған елде өзін ақтаған жоба біздің мемлекетімізге сай келе ме, жаңа заң ұлттық болмысымызбен үйлесе ме деген сұрақтың туындағаны шындық. Алайда, бұл күмәндің негізсіз екеніне көзіміз жетіп, әкімшілік әділет институты өзін толық ақтағанына куә болып отырмыз.

Расында, кодекс жақсы жұмыс істеп тұр. Әсіресе, сот отырысына қатысушылар процесітегі судьялар белсенділігінің артқанын бірден байқады. Судьяның қатысушылар құқығын түсіндіруі, жол көрсетуі даудың әрі қарай созылмауына, екі тараптың бейбіт келісімге келуіне де ықпал етіп отырғанын атап өткен жөн. Бұл сондай-ақ, құқығын сот арқылы қорғауға ынталылар қатарын арттырды. Десек те, осы жерде жаңа кодекстің жағымды тұстарын тек сот құрылымы ғана жетік меңгеріп, насихатына да барынша атсалысып жатқанын байқау қиын емес. Ал даудағы таразының екінші басында тұратын мемлекеттік органдарда мұндай ынтық, құлшыныс аз. Мұны олардың дауларды жедел, тиімді шешу бойынша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте қамтылған оңтайлы механизмдерді өз игілігіне пайдалана алмауынан көруге болады. Мәселен, жаңа кодексте мемлекеттік органдардың өз қателігін түзеуіне,

сонымен қатар, дауды бейбіт келісіммен, татуластыру рәсімдерін қолдана отырып шешуіне жол ашылған. Өкінішке орай, уақыт пен қаржылық шығынның алдын алып, мемлекеттік органдар беделінің сақталуына тікелей әсері бар бұл тетіктерді мемлекеттік органдар өз қажетіне толық көлемде жаратпай отыр. Әкімшілік істердегі медиацияның ауқымын кеңейтетін бұл жаңашылдықтарды алдағы уақытта мемлекеттік органдар арасында кең насихаттап, қолданылуына ықпал ету кезек күттірмейді.

Сонымен қатар, заңдағы ақтандақтарға да жекеше тоқталмай кету мүмкін емес. Мәселен, қазір азаматтық соттар белгілі бір қызмет көрсетуге тиісті органның (КСК, қоғамдық бірлестіктер) әрекетіне байланысты жеке тұлғалар жазған арызды әкімшілік соттарға бағыттап жатады. Себебі, бұған дейін қолданыста болған Азаматтық процессуалдық кодекстің 29-тарауында мұндай мәселелер құқықтық тұрғыдан толық шешімін тапқан. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте осы жағы ескерілмеген. Әрине, мемлекеттік құрылым ретінде танылған мекемелердің әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты дау әкімшілік әділет шеңберінде қаралады. Бірақ, әкімшілік орган ретінде айқындалмаған мекемелерге қатысты арыз-шағым жария-құқықтық тұрғыдан дауға жатпайды. Алдағы уақытта бұл мәселенің заңдылығын Жоғарғы Соттың нормативтік құқықтық актісінде айқындап алу маңызды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің тәжірибесі барысында айқындалған кемшіліктерді жойып, жаңа кодекс пен жаңа соттардың жұмысын насихаттау, ақпараттандыру ісін үздіксіз жалғастыра беру керек.

**Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы**



ГЕНДЕР

СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТІРЕГІ - АРУЛАР

Қателесуге құқығы жоқ екі мамандықтың бірі дәрігер болса, екіншісі – судья. Себебі, екеуі де адам тағдырына, кісінің өміріне жауапты. Әсіресе, ақ пен қараға төрелік ететін соттың шығарған дұрыс шешімі, мінсіз үкімі өмірді өзгертуге пәрменді екенін мойындауымыз керек. Осындай мәртебелі міндетті ер-азаматтармен қатар мойымай атқарып жүрген нәзік жандылардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді.



Жалпы қоғамдағы әйелдердің белсенділігі жоғары. Бүгінде қыз-келіншектердің қолы тимеген, араласпаған сала аз. Қиындыққа мойымайтын, жауаптылықтан қашпайтын, өз ісіне тиянақты қарайтын әйел-судьялардың сот жұмысының сапасын көтеруге қосқан үлесі қомақты. Әйел-судьялар қараған әр істе, зерделеген әр құжатта біліктілікпен қоса ыждағаттылықтың белгісі байқалып тұрады. Өйткені, олар өзі араласқан істегі ер қаріптің өз орнында тұрғанын қалайды. Қателікке, салғырттыққа, немқұрайдылыққа ешқашан жол бермейді.

Соттағы негізгі жұмыспен қоса, қоғамдық бастамаларда, ақпараттық-насихаттық ізденістерде де әйел-судьялар алда тұр. Елімізде қолда-

нысқа енгізілген жаңа заңдарды түсіндіруге, көпшіліктен түскен сауалдарға жауап беруге қыз-келіншектер үнемі уақыт арнап, халықтың құқықтық сауатын көтеруге де тұрақты көңіл бөліп келеді. Судья-әйелдердің әлеуметтік желідегі белсенділігі де жоғары. Олардың заңдарды талдап, құжаттарды зерделей отырып берген ақыл-кеңестерін жұртшылық та жоғары бағалайды.

Сонымен бірге, соңғы уақытта судья-ханымдар арасынан аудандық соттарға төраға болып тағайындалып жатқандар аз емес. Бір ұжымға жетекшілік етіп, бағыт-бағдар көрсетіп отырған осы төрайымдардың қай-қайсысы да ұжымды ұйыстырудың, жұмыстың сапасын жақсартудың жоғары үлгісін көрсетіп жүр. Әсіресе,

облыстық соттың алқа төрағасын басқарып отырған ханымдар барша қыз-келіншектерге өнеге екенін ерекше атап өткен жөн.

Жоғарғы Соттың тарихынан байқағанымыздай төраға болғандар ішінде бір әйел бар. Нағима Артықова – бүгінгі күнге дейін Жоғарғы Сот төрағасы болған тұңғыш әйел.

Міне, осы апамыздың жолын жалғап алдағы уақытта биік лауазымды атқаруға лайық арулар көбейеріне сеніміміз мол. Өйткені, қыз-келіншектердің өз мақсатына жетпей тынбайтынын байқау қиын емес. Отбасы мен қызметін қатар алып жүрген судья-аналар отанымыздың гүлденіп, ұрпағымыздың жалғасуына да басты себепкер. Қазақстандық сотта биікке жеткен, үлгі болып жүрген судьялардың көпшілігі көп балалы аналар. Біз осындай еліміздің өркендеуінде, отандық соттың алға басуында маңызды рөл атқарып келе жатқан судья-аналармен мақтанамыз!

**Назым АЛЬПИЕВА,
Бостандық аудандық
сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

НЕКЕ ШАРТЫ - АЖЫРАСПАУДЫҢ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Енді еліміздегі жағдайға көз жүгіртейік. Неке шартын неліктен тиімді деп тани аламыз? Нақты мысал келтіріп көрейік.

Досжан мен Айжан үйленді делік. Екеуі де мемлекеттік қызметкер. Тұрмыстық қажеттілікке байланысты Айжан несиеге ортақ мүліктер сатып алды. Несие сомасы Айжанның шотынан алынады. Түсініспеушілік салдарынан ажырасу орын алып, нәтижесінде несие Айжанның банктік шотынан алынатын болып қала береді. Бұл жағдайда Айжан қаржылық зардап шегіп, құқығы қорғалмай қалады. Ал ортақ мүлік ретінде алынған тауарды бөлісу де дау тудырады.

келмей, дұрыс ұрпақ қалыптасады. Осындайда «Неке шартына қазақстандықтардың көбінің бей-жай қа-

(қалыңмал мәселесі, ажырасқан кездегі қалыңмалды қайтару мәселелері, т.б.) шарт жасасқаны дәлел. Бүгінгі заманда



заңды білу, заңды құжаттарды дайындау, мүліктің, байлықтың ортақ екенін ұғыну ажырасудың алдын алады деп айта аламыз.

Қорыта айтар болсақ, неке шарты – кикілжіңсіз отбасының кепілі. Елімізде неке шартын жасатуға, тіпті, неке шартының не екенін айтып түсіндіру жұмыстарын жасау қажет.

Насихаттау жұмыстары жүргізілген күннің өзінде, елімізде отбасының берік боларына сеніп, бас тартатын жағдай болары анық. Ал болашақта не күтіп тұрғанын білмейтін адамдарға оқыс оқиғалардың орын алатынын түсіну үшін, шынымен де, ойлау жүйемізге серпіліс қажет. Қажет болса, психологтардың, заңгерлердің көмегін барынша қолжетімді ету қажет. Телебағдарламалар мен ток-шоудағы түсірілімдердің тең жартысы отбасылық кикілжіңдер, сарапшы заңгерлер арқылы неке шартын жасасудың нақты қадамдарын жалпақ жұртқа кеңінен атап өту керек.

Неке қию орындарында және некесі қиылған ерлі-зайыптылардың өздеріне де неке шартын жасау тиімділігін түсіндіре отырып ұсыныс жасау; Әрине, соңғы ұсынысты іске асыру үшін алдымен, халыққа бірінші және екінші айтылған ұсынысты жеткізу қажет. Сонда сауатты және бақытты отбасылар мекендеген мықты мемлекет құрылады деп сенеміз!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ
Ұлттық өнер академиясының
3-курс студенті

Қазақстандағы мұрағат тарихының орны ерекше. Мұрағат маңызды құжаттарды қабылдау және сақтауды жүзеге асыратын ұйым немесе оның құрылымдық бөлімшесі.

МҰРАҒАТ ТАРИХЫНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Әрбір мекеме өз функциясын атқару барысында құжаттар жасайды және сырттан құжат келеді. Кез келген күнтізбелік жыл басында өткен жылғы іс жүргізу құжаттары мекеменің мұрағатына өткізілуі қажет. Сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, бюрократиялық кедергілерді жояды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланыса түсуін азайтады. Ал бұл сыбайлас жемқорлыққа қатысты бейімділікті төмендетуге, азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге септігін тигізеді және қолжетімді сот жүйесіне мүмкіндік береді.

Мұрағат тарихының орны ерекше. Мұрағат маңызды құжаттарды қабылдау және сақтауды жүзеге асыратын ұйым немесе оның құрылымдық бөлімшесі.

Мұрағат тарихының орны ерекше. Мұрағат маңызды құжаттарды қабылдау және сақтауды жүзеге асыратын ұйым немесе оның құрылымдық бөлімшесі.

О.АЛДАБЕРГЕНОВА,
Маңғыстау облысы
қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

Жыл сайын сот мұрағатына аяқталған істер, журналдар мен нарядтар, есептік-ақпараттық құжат-

Неке шарты туралы мұсылман қауымы, соның ішінде ханафи мазһабы, дәстүрлі неке шартын жалғастырып келе жатыр. Оған бүгінде бұрынғыға қарағанда кең тарап бастаған «мәхр» түсінігін мысал ретінде айтып өтсек болады. Некеге тұрғанда күйеі әйеліне қандай да бір мүлік беру керек. Оның не заң екені сол неке шартында қалыңдықтың қалауымен анықталады. Неке бұзылғанда, әйел жесір қалған жағдайда ол мүлік әйелге қала береді. Бұл шарт мұсылман елдерінің біразына ортақ. Көне заманда әйелдің жесір қалып, асыраушысыз қалып жиі кездескендіктен мұндай тетіктің, қаншалықты тиімді болатынын түсіндіріп арытық.

Міне, неке шартының тиімділігі осында! Біріншіден, ортақ меншік құқықтарын реттейді.

Екіншіден, жақсы қарым-қатынастың басым болуына сеп болады. Көптеген отбасылық кикілжіңді неке шарты опонай заңмен шешіп береді.

Үшіншіден, сапалы неке – сапалы болашақ. Неке шарты отбасындағы кикілжіңдердің алдын алатынын, бір мәмілеге келуге үндейтін ескерсек, отбасындағы акцент дұрыс тәрбиеге негізделер еді. Яғни, балалардың психологиялық-эмоциялық жағдайына зақым

райтынының себебі неде?» деген заңды сауал туындайды. Оның себебін азаматтардың әлі кеңестік ойлау жүйесінен арылмауы немесе екінші жұпқа жағымсыз ой қалдырмау ниетімен байланыстыруға болады. Сондай-ақ, алып ұшқан сезімнің де неке қиюға дейін, отбасылық кикілжіңдерді ойламаумен немесе ойлағысы келмеумен ұштасатынын топшылаймыз.

Неке шартын жасасу ажырасу ниетіндегі ой секілді көрінуі мүмкін. Ал шын мәнінде, неке шарты – ажыраспаудың кепілі. Конституция жоқ кезде де, ежелде қазақ ақсақалдардың көмегімен

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛГЕН АДАМ ӨЗ ТІЛІН ДЕ ДАМЫТАДЫ

Өз құқығыңды игере білу жай ғана құқықты білу деген сөз емес. Ол үшін ең бірінші ынтаны ояту маңызды. Құқықты игеру арқылы адамның сезімдік, қиялдық және мәдени, шаруашылық ұмтылыстары да айқындалған қажеттілікке айналады. Құқықты тани білу – ол өмір сырларын мөлшерге, өмір сүру көріністерін өлшемге түсіре алатын күшке иелік ету.

Өз елінің заңдарын білмейтін адам, құқықтан тыс қалып, ол елде бар құқықтардың тек бір үзгінін ғана қызығын көреді. Өз құқығын білмеген адам, оларды қалай сақтауды да білмейді. Сондықтан ондай адам әртүрлі бопсалауға, тонаушыларға да қарсы тұра алмайды. Өз құқығыңды білмеу күштінің күрмеуіне түсіп, біреудің алдында әлсіздікке әкеліп тірейді. Тіпті, өз құқығыңды білмеу заң аясында құқықпен өмір сүре білуді де жоққа шығарады.

Өз құқығын білуші заңды талабын қоя білетін адамдар қатарына кіреді. Себебі, құқықтың тілі сана тілінде сөйлейді және саналы жандарға жүгінеді. Адамдарға не нәрсеге тыйым салынатындығын саналы түрде білдіру мақсатында заңмен бар нәрсе не бекітеді, не терістейді және адамға жүктелетін міндеттерді айқындайды.

Құқықтың рұқсатын алған, міндетін жүктеген немесе тыйымына түскен адам – ол сол құқықтың субъектісі болып табылады. Құқықтың болмысы – оның ең терең табиғаты саналы жандармен жасалып, саналы жандарға арналғандығында, белгілі объектілермен істеліп ойланатын субъектілер үшін жаратылғандығында. Адам өз құқығының субъектісі болмағанша, ешқандай жақсылық болмайды. Ешқандай жаны жоқ зат, жәндік немесе жануар құқықтың субъектісі бола алмайды, себебі

құқық білімге деген икемділікті, сананы және өзін-өзі басқара алуды қажет етеді.

Өмір заңы солай, кейбіреу дұрыс заңның өзін жасырмақшы болады. Мысалы, тарихта аты қалған Дионисий өз заңдарының мәтінін ешкім оқи алмайтын биіктікке іліп қояды екен. Мұндайда, ең жоқ дегенде, халыққа шындықты тауып берем деп оны алдап күн көретін пайдәкүнемдер көбейіп, ақты қылып, қараны ақ қылып көрсететіндер қаптайды. Сөйтіп құқықты санамен қабылдай алмайтынның саны арта түседі, халық қараяды, даму әлсірейді. Яғни, әр адам құқықтың толық субъектісі болуға тырысуы тиіс. Сонымен бірге, құқықты білу нысанды болуы қажет, сонда ғана ондай білім биік бола алады.

Нысанды дегеніміз – ол құқықтың мазмұнды болуы. Яғни, заң жасаушы оны алдын ала ойластырып, сөзі мен сөйлемін дұрыс қиюластырып, мағынасын дәл анықтап, қалдықсыз түсінікті қылып сомдауы тиіс. Құқықтың осындай нысанды мазмұны норма түрінде жасалады. Норма дегеніміз – ол сөзбен айтуға ыңғайлы, белгілі бір тәртіпке жетуді көздейтін заңи мәні бар ұстаным. Демек, құқықтың норма дегеніміз – ол жай ғана сөйлем емес, ол грамматикалық сөйлемнің әр сөзінің артында ерекше мазмұнға толы өзіне тән логикалық түсінігі бар тәртіп ережесі.

Құқықтың норма ылғи өз бойына екі түсінікті сіңіре сомдалады: олардың бірі – құптайтын қаракеттер мен тыйым салынған әрекеттерді құраса, екіншісі, осылармен ретке келтірілетін адам субъектінің жүріс-тұрысы. Осыдан барып құқықты нысанды логикалық және нормативтік жолдармен қарастыру қажеттілігі туындайды. Құқықтық норманы нысанды логикалық түрде оқып зерттеу дегеніміз әр норманы логикалық тезис және жүріс-тұрыс ережесі ретінде өзін дәл және тең ұғынуға арналған нысанды мазмұнмен реттеу деген сөз. Екі түсінікті байланыстыратын тезис болғандықтан, құқықтық норма логика саласындағы

теңдік және қарама-қарсылық заңдарына бағына отырып құрастырылуы тиіс. Яғни, нормада берілген әр түсініктің тектік және түрлік мағыналары сақталып, ұғынықты жазылуы тиіс, еш нәрсеге өз-өзінен солай екен ғой деушілікке мүлде орын берілмеуі керек. Демек, әр түсінікті белгілейтін сипаттардың дәлдігін үнемі мұқият тексеріп отыру қажет. Сонда ғана елде құқықты тану мен құқықты жасау және құқықтық сана деңгейлері биіктемек.

Заңдардың әр тұсын тексеріп, олардың терминологиясының солқылдақтығын, мысалы, бір түсінікті бірнеше мәнге ие болуын, оларда келтірілген олардың былқылдақтығын, мысалы көп атаудың мәні бір болып шығатындығын, мазмұнының айқындалмағандығын әшкерелей отырып, заңи түсініктердің ғылыми классификациясын айыра білуге қол жеткізу – міне, ең негізгі мәселе осында.

Адамдардың өз құқықтық ережелерін логикалық тезистерге айналдырып жазып отыруы – сөз ұшып кетеді, ал жазу сақталады деген түсініктен ғана емес, ол ережелерді қайталап қолдану, оларды кеңінен тарату қажеттілігінен туындаса керек. Демек, ол ережелерді бекітіп, ойдағы мазмұнын барынша анық және айқын сақтап, оларды іштей қарама-қайшылықтардан арылған мәнге толтыра отырып, логиканың теңдік және қарама-қарсылық заңдарына бағындырып барып қана қол жеткізуге болады. Тек сонда ғана құқық өзіне жүктелген дұрыс өмір сүруге себебін тигізетін ережелерді жинақтап, оған қолсұғушылықтарды тәртіпке келтіру, ақылға сыйымды теңдікті қалыптастыру, адамдарды біртіндеп өз арандарын шектеуге үйрету, адами саланы кеңейту сияқты міндеттерді орындата алатын болады. Сонда ғана құқық қоғамы өмірге саналылық, татулық және әділдік тәртіптерін орнату бастамаларын әкелетін болады.



Әр құқықтық норма өкілетті субъектілермен алдын ала ойластырылған тәртіпті сақтай отырып орнатылады. Сондықтан әр норманы кім және қандай тәртіппен қабылдағанын білу өте маңызды. Себебі, өмірде орын алған норма заңсыз болып шығуы мүмкін. Мысалы, бүгінгі күні мемлекеттік органның өзі өз өкілеттігін асыра отырып ереже шығарып алуы жағп нәрсе емес. Мұндайда құқық қай жерден басталып, қай жерде аяқталып, әрі қарай озбырлық пайда болатынын білген, болжаған дұрыс.

Заңның нормаларын дұрыс қолдану білімді ғана емес, табандылықты та қажет етеді. Себебі, бұл жұмысқа бейтараптылық керек: мұнда көбінен бір жағынан адамдардың күнделікті тіршілігінде кездесе беретін менікі дұрыс деген бір-бірімен менменшілікке толы күрес қилік, екінші жағынан, адам пенде болғандықтан жеке тұлғалардың, топтардың немесе басқарушылардың мүдделендірілген жасырын дауыстары араласады. Халықтың құқықтық санасын биіктету үшін құқықтық ғылымды дамыту қажет. Ол үшін адамға негізгі істеуге болатындығын, негізгі міндетті түрде істеу керектігін, негізгі істеуге мүлде болмайтындығын жас кезінен үйретумен қоса, оған әр жағдайдың құқық арқылы ғана өзгеретіндігін көрсетіп, әр жағдайдың құқыққа қарсы немесе құқықты айналып өту арқылы өзгеруге жатпайтынын ұғындыру қажет. Сонда ғана құқық әр адамның жүріс-тұрысын өлшеуге қауқары бар мөлшерге айналатын болады. Құқықтың жай-жапсарын қазақ тілінде айтып беруге ұмтылу өз ана тілінді дамытып, байыта түсетіні сөзсіз.

Кәкен СЕЙТОВ,
доғарыстағы судья

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, «Respublica» партиясы белгілі кәсіпкерлер мен танымал азаматтардан құралып, бәсекелестікті қамтамасыз ету арқылы билікте ашықтыққа қол жеткіземіз деп отыр. Не де болса, ендігі кезде қай партия болса да, сөзден іске кірісіп, ел игілігі үшін қызмет етуі тиіс деп санаймын. «Аманат» жақсы істерді жалғастыруды көздесе, «Ауыл» партиясы ауылдың жоғын түгендейміз дейді. «Байтақ» экологияны жақсартуды алға шығарып отыр. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы елді ілгерілетеміз десе, «Ақ жол» демократия мен ұлттық құндылықтарға басымдық беруде. «Қазақстан халық партиясы» болса ғылымды дамытуға мән бермек. Бүгінде елімізде Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының кезектен тыс сайлауына түсетін барлық кандидаттар мен партиялардың насихат жұмыстары жалғасып жатыр. Ел-елді



Ақмарал БАХТИЯРҚЫЗЫ,
ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ЗАҢҒЕР:

«БИЫЛҒЫ САЙЛАУ - ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК»

аралап, халықпен тілдесіп, сол елді мекеннің проблемаларын естіп, шешу жолдарын қарастырып жатқан кез келген партия, ол жаңа я бұрынғы болсын, ең бастысы агитацияда айтқан сөздерімен шектеліп қалмаулары керек. Айтқан сөздерін іспен дәлелдеулері тиіс деп ойлаймын.

– Сайлауға түсіп жатқан партиялар мен бір мандатты округтер бойынша сайлауға ниет білдірушілердің, яғни, үміткерлердің сайлауалды насихат жұмыстарына қандай баға берер едіңіз? Белсенділіктері қалай деп ойлайсыз?
– Бір мандатты округтер бойынша үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жақсы жүргізіліп жатыр. Бірақ, өкінішке қарай барлығы бірдей емес. Бұл жерде елге танылып жүрген, мәселен Дәулет Мұқаев сияқты үлкен аудиториясы бар, әлеуметтік желіде белсенді азаматтардың жұмыстары қызу жүріп жатыр. Әрине, дұрыс. Ізденісі мол, еңбекқор әрі білімді азаматтардың билікке барғанын қалаймыз. Одан бөлек тағы байқағаным, елге аты белгілі азаматтардың сайлауалды жарнамасы жақсы таралуда. Ал халыққа бұрын-соңды танымал емес азаматтарға жарнама әлі де болса жетіспейтін сияқты. Биыл ашық сайлау болғандықтан болар, үміткерлер арасында сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары нағыз күрес сияқты жүріп жатыр. Сонымен қатар, олардың арасында жеке кәсіпкерлер мен заңгерлердің саны басым. Олардың ішінде ең жасы 30-да. «Жас келсе, іске» демекші, үміткерлер дүбірлі додаға түскеннен кейін, елдің, жердің мүддесін қорғаймын дегеннен кейін, аянбай еңбектеніп, халыққа жемісін ұсынуы керек деп санаймын.

– Ал аудандық және облыстық мәслихатқа тартыс қалай болуда? Жалпы, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы туралы көпшілік не білуі керек?
– Биылғы жаңашылдықтың бірі облыстық мәслихат депутаттығына үміткер республиканың кез келген аумағына өз кандидаттығын ұсынуға құқылы. Мысалы, Ақтау қаласының азаматы Алматы облыстық мәслихатына үміткер ретінде өзін-өзі ұсына алады. Міне, бұл да бақталастықтың ашықтығын білдіреді деп санаймын. Содан да болар, аудандық және облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлердің жұмысы белсенді. Бұл жерде жарна мәселесін де айтып өткен дұрыс шығар. Мәселен, мәслихат депутаттығына үміткерлер 350 мың теңге сайлау жарнасын төлесе, саяси партиялар өз тарапынан Орталық сайлау комиссиясының шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін сайлау жарнасын төлейді. Оның көлемі – 1 050 000 теңге. Бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша тіркелген кандидат та сайлау жарнасын төлейді. Жалпы, Мәжіліс және мәслихаттар депутаттығына үміткерлерді тіркеу 18 ақпанға дейін жүргізілді ғой. Енді сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, 18 наурызда тыныштық күнін өткізу үшін дауыс беру күніне бір күн қалғанда аяқталады.

– VIII шақырылым депутаттарының алдында қандай міндеттер тұр деп ойлайсыз?

– Жаңа VIII шақырылымның міндеті халықтың сенімін ақтау, диалог орнату болмақ. Ол үшін қоғаммен қоян-қолтық араласып, халықтың пікірін ескеру керек. Өйткені, бізде билік пен халықтың тіпті бай мен кедейдің арасы өте алшақтап кетті. Депутаттардың жұмысы ашық болуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен де дұрыс қарым-қатынаста болуы міндет деп ойлаймын. Біздің елімізде қол жетпес депутаттар көп. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, осы жолғы депутаттар депутат мандатына кір келтірмей, халықпен жұмыс істейді деп үміттенеміз.

– Елде қолға алынып жатқан саяси реформалар туралы да айта отырсаңыз?
– Қаңтар оқиғасынан кейін саяси қызметте айтарлықтай өзгерістер, толыққанды болмаса да, әлдеқайда ашықтық көрініс тауып келе жатыр, сең қозғалды, реформа басталды. Саяси реформаның негізгі мақсаты – болашақта авторитаризмге жол бермеу, көппартиялы жүйе құру. Ол үшін тұтас билік санаулы «кісінің» қолында болмауы тиіс. Республика аумақтарында билік әкімге емес, мәслихат депутаттарына берілуі дұрыс. Билікті «мұра еткендердің» жауапкершілікке тартылуы, ол қазіргі биліктегілерге де сабақ болуы керек. Реформа екіжақты диалогқа көшуде, халық та билікке араласуға іс жүзінде құқылы. Қазіргі Мәжіліске үміткер ретінде түсіп жатқан азаматтар ертең билікке бара қалған күнде оларға артылатын жүк ауыр. Өйткені, 30 жылдық ескі жүйені өзгерту – үлкен күш. Партиялардың да көптігі дұрыс. Кез келген партия халықтың белгілі бір пайызының болса да құқықтарын қорғай алуы тиіс. Өзгерісті өзімізден бастаймыз десек, популизмге жол бермей, халықты кризиске емес, өсуге, дамуға жетелейтін даму тезистерін ұтымды қолдана білетін партиялар билікке келу керек. Мұндай жағдайды көппартиялы жүйе ғана жасай алады.

– Сайлаушылар қалай дауыс береді?
– Қазақстанның 18 жасқа толған әр азаматы сайлауда дауыс беруге құқылы. Ең бастысы азамат дауыс беру үшін сайлаушылар тізімінде болуы керек. Сайлау учаскесіне келгенде жеке куәлігін немесе паспортын көрсетуі қажет. Сайлау күні сайлаушылар тұрғылықты жері бойынша өзінің тиісті сайлау учаскелеріне барып, бюллетень арқылы таңдау жасайды. Бірінші бюллетеньде Мәжілістегі партиялық тізімдегі саяси партияға, екіншісі бір мандатты округтен Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидатқа арналған. Үшіншісінде, облыстық мәслихатқа сайланғысы келетін партиялар тізімі болады. Төртіншісінде, осы мәслихаттардың бір мандатты округі үшін кандидаттар ұсынылады. Бұл сайлауда сайлаушылардың ұсынылған кандидаттардың барлығына қарсы дауыс беру мүмкіндігі де қарастырылған.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

БІЛІМ

ОҚУЛЫҚТАР САПАСЫ АРТАДЫ

Мектептердегі оқулық мәселесіне қатысты бұған дейін де көптеген сын пікірлер айтылды. Осы ретте, тиісті ведомство өкілдері әртүрлі ұсыныстар айтып, ғалымдар мен ұстаздардың пікірін білген. Оқу-ағарту министрлігі өкілінің айтуынша, елімізде оқулық әзірлеу және басып шығару жұмысы бәсекелестік жағдайында дамиды. Бәсеке болған жерде сапа артатынын ескерсек, мектеп оқулықтарының қайта түрленетінін байқаймыз. Ендігі талап бойынша, мектеп бағдарламасына қатысты оқулық әдебиеттерінің барлығын авторлық ұжымы қалыптасқан баспа үйлері әзірлейді,



Дайын болған оқу әдебиеттеріне де талап жоғары. Алдағы уақытта ҚР Оқу-ағарту министрлігі республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығынан мемлекеттік сараптаманың барлық кезеңінен өткен оқулықтар ғана мақұлданып болады.

Оқулық даярлайтын авторлық құрамды баспа үйлері кәсіби білімі, біліктілігі мен білім беру ұйымдарындағы жұмыс тәжірибесімен атсалысып жүрген ғылыми еңбектеріне қарап іріктейді, оқулықтарды әзірлеу бойынша оқыту курстарынан өткен аса тәжірибелі мамандар арасынан таңдайды. Жаңа талап бойынша, мектеп оқулығы авторларының құрамында міндетті түрде кемінде 1 ғалым, 2 практик-мұғалім болады. Авторлар оқу

әдебиетін жалпыға міндетті білім беру стандарты және тиісті пәндерге арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жазады.

Мектеп оқулықтарына қатысты мұндай өзгеріс, бетбұрыстар сапа мәселесін арттырмақ. Өз деңгей жасына лайықталған оқулықтарды бала үлкен қызығушылықпен оқиды, әрі ол өз нәтижесін береді. Білім саласының мамандары да жаңа оқулықтарға үлкен үміт артып отыр. Олардың пікірлерінше, жаңа бағдарламалар балаларды білімге қарай ұмтылдырады. Бұған дейін күрделі бағдарламалар мен түсініксіз тапсырмалар балалардың оқуға деген ынта ықыласын төмендетсе, ендігі өзгерістер керісінше, сапалы білім мен нәтижелі ізденіспен дайындалады деген үміттеміз.

ҒЫЛЫМ

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ – МІНДЕТ

Жоғары оқу орындарының маңызын арттыру, ұстаздардың салалық біліктілігін көтеру мәселесі мемлекет тарапынан қолға алына бастады. Жоғары білім саласындағы әлеуметтік ахуал мен оқытушылардың айлық жалақысының бұған дейін сын көтермей келгені бәрімізге белгілі.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен Қазақстан ғылымына, білім ордаларына, ондағы білікті ұстаздар мен мамандарға көңіл бөлініп жатыр. Ұстаздарды өз қызметіне ынталандыру мәселесі де мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Осыған орай, жақында Астанада жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларын марапаттау рәсімі өтті. Байқау жеңімпаздарына 6 млн теңге сыйақы табысталды.

Министрлік баспасөз қызметінің хабарлауынша, марапаттарды Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады.

Дүбірлі додада еліміздегі 43 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Олардың әрқайсысы 2000 АЕК (6 млн 126 мың теңге) сыйақы алды. Оқытушыларға қаржылай ынталандырумен қатар төсбелгі де табысталды.

«Біз үшін оқытушыларды ынталандыру және мамандықтың беделін арттыру маңызды. Бүгін біз залда еліміздің жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларын жинадық. Министрлік атынан сіздерге таңдаған істеріңізге адалдықтарыңыз және жоғары кәсіби біліктіліктеріңіз үшін алғыс айтамын. Алдымызда тұрған негізгі басымдықтардың бірі – зерттеу эकोжүйесін қалыптастыру және ғылыми әлеуетті арттыру. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарын цифрлық жоғары оқу орындарына трансформациялау қажет. Құрметті әріптестер, мұның бәрі сіздердің еңбектеріңіздің арқасында ғана мүмкін болмақ!», – деді министр Саясат Нұрбек.

Салтанатты рәсімге Парламент Сенаты-



ның депутаты Нұртөре Жүсіп қатысты. Ол да оқытушыларды құттықтаған өз сөзінде: «Мықты тұлғаларды, жас академик-ғалымдарды өсіріп шығару – сіздерге жүктелген міндет. Осы салада табыс тілеймін, денсаулықтарыңыз мықты болсын. Бұл марапат сіздердің ізденістеріңізге, мүмкіндіктеріңіз себеп болады деп ойлаймын. Осындай іс-шараны ұйымдастырып отырған Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп отырған ұстаздар қауымына алғыс айтамын», – деді.

Министрлік өкілдерінің хабарлауынша, байқауға «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2022» шарасына еліміздің 71 оқу орнынан барлығы 775 үміткер қатысқан. Республикалық конкурстық комиссияның шешімімен сайыста электронды оқу ресурстары, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық, халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы, т.б. сияқты көрсеткіштер бағаланды. Сондай-ақ, үміткердің оқыту сапасы, оның бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кадрлар даярлау қызметіндегі тынымсыз ізденістері де ескерілді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ОРНАТУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

«Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасының алғышарты – дұрыс әрі әділ шешім шығаратын сот жүйесін қалыптастыру.

Бұл ретте елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жұмыстары жыл санап жетілдіріліп келеді.

Қарақылды қақ жаратын әділ сот төрелігін жолға қою мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның жарқын дәлелі ретінде Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін Қазақстан судьяларының съезін айтуға болады.

Сондай-ақ, құқықтық мемлекет белгісінің бірі – сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына тәуелсіз қызмет атқаруы.

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі. Себебі, елдегі бар азаматтар заң алдында тең болғандықтан оларға қатысты заңбұзушылық жағдайы байқалғанда істің ақ-қарасын анықтап, айыптыны заңға бойұсындыратын да сол мемлекеттік сот органы.

Қазақ елінің тарихында ел басқару ісіндегі билер жүйесі, оның мәдениеті, әдеп, тәртібі, өнегесі ерекше құбылыс болғаны анық. Ертеден қалыптасқан бұл жүйе Ұлы далада биік шыңға көтерілді.

Білімдер синтезіндегі құбылыс ретінде билер жүйесі халықтың қалыптасуына, ой санасына, тіршілігіне, әлеуметіне және мәдениетінің өсуіне зор ықпал етті. Сонымен қатар, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған ұлы сөз бар.

Би – қазақ қоғамында ердің құны, нардың пұлы болса да, дауды екі ауыз сөзбен шешетін адам. Би – өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт: «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген ұлы сөз де осыдан қалған.

Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Әз Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білу, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылған.

Бүгінгі Қазақстанда «билер соты», «сот билігі» деген атаулар мен ұғымдар сот жүйесінде әділдік, кәсібилік үлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады. Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның сот жүйелеріне билер әділ сот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу және сот шешімдерінің халыққа түсінікті тілде жеткізілуі сот жүйесінің дамуына ықпал етуші лауазымды тұлғалар қазіргі қоғамның судьяларынан талап етілуде.

Сондай-ақ, көріп отырғанымыздай, Қазақстанның сот билігі тәуелсіздік алған жылдары айтарлықтай биіктерді бағындырды. Бүгінде сот жүйесі тұтас алғанда азаматтардың құқықтары мен бостандығының, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің



сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етудің қажеттіліктеріне сай келеді деп сеніммен айта аламыз.

Сот жүйесінің алдағы уақытта ел игілігі үшін, қоғамдағы әділеттің үстемдік құруы үшін атқаратын міндеттері орасан зор. Ел судьяларының бұл міндеттерді де абыроймен атқаруға білім-білігі жететініне еш күмән жоқ.

М.ТҮРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қалалық
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу және оны жеңу бүгінгі күнгі еліміздегі мемлекеттік саясаттың басты бағыты.

Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын сыбайлас жемқорлық саяси даму тұрғысынан әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян тигізетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке де үлкен зиян, яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу баршамыздың алдымызда тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары бүгінде жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретіні, демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды

тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне, заң мен әділдікке деген сеніміне, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Осы мәселеде күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және де көптеген шаралар қабылданып, жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершілік және негізгі қағидалар мен міндеттер анықталып, сыбайлас жемқорлықпен күресуде мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмыстарының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай шара қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресуді барлық азаматтар өзінің азаматтық борышы деп біліп, осы мақсатқа жетуде өз үлесімізді қосып, еліміздің дамуына атсалысайық.

М.ЖАҚЫПОВ,
Тасқала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

Қазіргі уақытта істерді сотта қарау барысында «Тілдер туралы» заңның, Қылмыстық процестік кодексінің 30-бабының талаптары негізінен сақталады. Сот шешімдерінде қазақ тілі ережелерінің сақталуы да жаман емес. Бұл жерде сот шешімдерін шығарған кезде судьяларға арнаулы сөздіктердің көмегі зор. Соның арқасында жекелеген сөздерді орыс тілінен қазақшаға аударғанда қателіктерге жол берілмейді.

ТІЛ БІЛМЕГЕНДЕРГЕ СӨЗДІК КӨМЕКШІ БОЛА АЛМАЙДЫ

Алайда ішінара болса да кейбір үкімде сөз тіркестерінің қазақ тілінің заңдылықтарына кереғар қолданылуы кездеседі. Бұл кей сөздердің мағынасын толық түсінбей тұрып қолданудан туындайды. Бұндай жағдайда сөздік көмекші бола алмайды.

Мысалы, үкімнің кіріспе бөлігінде «сотталушы ... жылы дүниеге келген» деп немесе «туылған» дер көрсетіледі. «Дүниеге келген» деген әдеби тіркес, ал ресми құжатта «туған» деп жазылуы тиіс. «Туылған» деген сөз қазақтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниетанымына, сөйлеу мәдениетіне қайшы келетін анайылық болғандықтан қолданылмаған. Қолданылуға тиіс те емес.

Сол сияқты үкімнің кіріспе бөлігінде «төрағалық етуші судьяның, сот мәжілісінің хатшысының, т.б. тұлғалардың қатысуларымен» деп жазылады. Қазақ тілінің ережесіне сәйкес етістіктің тұйық райына көптік жалғауы жалғанбайды. Демек, іске қанша тұлға қатысып отырса да «қатысуымен» деп жазылуы керек.

Сондай-ақ, қылмыс оқиғасын сипаттағанда барлық дерлік істерде «қылмыстық ниетін жүзеге асыра отырып» деп жазылып жүр. Қазақ тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша «жүзеге асыру» деген тіркес жағымды әрекетке қатысты қолданылады. Ал қылмыстық ниетті орындау жағымды әрекет емес. Бұл жерде «іске асыру» деген тіркесті қолдану дұрыс болар еді. Бұл қателік мағынасын толық білмейтін сөзді орынды-орынсыз қолданудан болған.

Кей үкімнің қарар бөлігінде



Қуаныш ЗӘБЕНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

«қылмысты жасауда кінәлі деп танылсын» деп жазу кездеседі. Бұл – орысша «признать виновным в совершении преступления» дегенді сөзбе-сөз аударып қолдана салу. Қазақ тіліндегі дұрыс сөз орамы «қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын» болуы керек еді. Бұл қателік орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөйлем құрау ережесіндегі айырмашылықтарды ескермеуден туған.

Жалпы алғанда, сотта мемлекеттік тілде істер қарау барысында заң талаптары сақталады. Бұл жерде әңгіме сот актілерін құрағанда қазақ тілінің өз заңдылықтарының сақталмауы туралы болып отыр. Осы кемшіліктер бұдан ары жалғаспауы үшін, оған судьялардың назарын аудару қажет.

ПӘРМЕН

САЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ ЗАҢСЫЗ

Талап қоюшы 2020 жылдың соңында Dodge Ram 1500 4WD маркалы жүк көлік құралын тіркейді. Өткен жылдың қазан айында салық органы автокөлікке 2 жылға жалпы сомасы 400 мың теңгеден астам салық есептейді. Салық «жеңіл автомобильдер» санаты бойынша есептелген.

Салық органының бұл әрекеттерімен келіспей, автомобильдің рұқсат етілген салмағы 3500 кг-ға дейінгі жүк көлігіне жататындығын анықтаған заңды күшіне енген сот актісін көрсете отырып, азаматша Мемлекеттік кірістер департаментіне жүгінді.

Алайда, ол автокөліктің санаты заңды түрде анықталған және көлік салығының мөлшерін қайта қарау мүмкін емес деген жауап алды.

Азаматша өз құқықтарын қорғау мақсатында өзінің талаптарын бұрынғы автокөлік иесі бұрын осындай талаппен сотқа жүгінгенін негіз ете отырып, сотқа жүгінді. 2016 жылғы заңды күшіне енген сот актісімен автокөліктің жүк көлігіне жататындығы, көлік салығын есептеу жүк көлігі ретінде салық ставкасы негізінде жүргізілуі керек екендігі анықталды. Осыған байланысты соттан мемлекеттік органның салықты есептеу бойынша әрекеттерін заңсыз деп тануды сұрады.

Салық органы автокөліктің жүккөтергіштігіне, өтімділігіне, мотор классификациясына қатысты техникалық сипаттамаларын жоққа шығармайтынын көрсетіп, бұл ретте салық заңнамасында пикап – автомобильдері тікелей «жеңіл автомобильдер» санатына жатқызылатынын, осыған байланысты талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Қатысушы прокурор талапты қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

Ұсынылған дәлелдемелерді зерттей отырып, сот бұл автокөлікті жүк көлігі санатына жатқызу фактісі, заңды күшіне енген сот актісімен белгіленгеніне орай дәлелдеуді қажет етпейді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, сот 2016 жылдың тамызынан бастап көлік салығы жүк көлігі ретінде төленгенін атап өтті.

Нәтижесінде, сот талапты қанағаттандырды, салық органының әрекеттерін заңсыз деп танып, мемлекеттік органда жол берілген құқықбұзушылықты бір ай мерзімде жоюға міндеттеді.

**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының баспасөз қызметі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІ «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ КОЛЛЕДЖІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 41 мекенжайында орналасқан, 8 (727) 376-27-22, 8 (727) 376-25-24.

Колледж қызметінің мәні орта білімнен кейінгі білім беру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Колледж қызметінің мақсаты спорт және дене шынықтыру саласында жоғары білікті спортшылар мен мамандарды даярлау болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

кандидаттарды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе «Бизнес және басқару» немесе «Құқық»; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ, оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне

басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді, педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді, барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шетелдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады, қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды, тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады,

ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

4. Біліуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын;

педагогика, психология және физиология негіздерін;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурстың өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;

ТАРАТУ

8. «BEK-BOBUR» ЖШС, БСН 181240003792, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан обл., Шымкент қаласы, Тауке хан даңғылы, 62 үй, 10 кеңсе. Тел. 87013385000.

9. «Global Advisors» ЖШС, БСН 110940001200, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280 үй, н.п. 3. Тел.: 87715070059.

16. «ХОДЖА-АХМЕТ 2017» Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 170140019215, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жылысу ауылдық округі, Сейфуллин ауылы, Қ.Сағырбаев көшесі, 13/2 үй, пошта индексі 160500.

17. «DenSulu» ЖШС, БСН 210440031825, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу-4, 32/2, 2-қабат, 4-6 бутик, тел.: +77471673817.

18. «Q4 export» ЖШС, БСН 181140030499, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу-4, 32/2, 2-қабат, 4-6 бутик, тел.: +7747 1673817.

МҰРАГЕРЛІК

7. Жеке нотариус Измайлова Алия Манаповна 2022 жылдың 3 қазанында Жакиянова Едил Қасымжановичтің қайтыс болғандығы және оның атынан мұрагерлік істің ашылғаны туралы хабарлайды. Мұрагерлері мен несиенгерлерінің мына мекенжай бойынша хабарласуларын сұрайды: Семей қаласы, Әуезов даңғылы, 37А/83 үй, күн сайын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, жексенбіден басқа күндері, сенбі күні сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін. Тел.: 87222339878, 87772691688, 87471847597. E-mail: izmailova.aliya@mail.ru.

14. 11 қараша 2022 жылы қайтыс болған азамат Умирәлиев Қуаныш Илясовичтің атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Авангард 3 шағынауданы, 75 үй, 5-кеңсе мекенжайында орналасқан нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

15. 16 қаңтар 2023 жылы қайтыс болған азамат Кубаева Анаргүл Азбергеновичтің атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Авангард 3 шағынауданы, 75 үй, 5-кеңсе мекенжайында орналасқан нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ӘРТҮРЛІ

3. «Герона Плюс» ЖШС (БИН 040240002288) жарғылық капиталының 2 500 000 (екі миллион бес жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Помяловский көшесі, 29/1 үй.

4. «Swift Print» ЖШС (БИН 940240000844) жарғылық капиталының 324 225 (үш жүз жиырма төрт мың екі жүз жиырма бес) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Помяловский көшесі, 29/1 үй.

6. «NORD Пром НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» заңына сәйкес, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында «NORD Пром НС» ЖШС-нің оңалту рәсімін қолдану туралы өтініші бойынша азаматтық сот ісін жүргізетіні туралы хабарлайды. Іс бойынша ақпарат: - Борышкердің атауы: «NORD Пром НС»ЖШС; - Борышкердің БСН: 090540015041; - Азаматтық істің нөмірі: 3514-23-00-2/1238; - Уақытша әкімші: Ерғалиев Б.И., тел.: 87022479845, e-mail: ergaliev.61@mail.ru.

10. «Алғабас» ұйымынан, БСН 161140010699, «Мөлдір бастау», БСН 651005303049, «Қатыран Тлеужан», БСН 871212303139, «Фансықабдул Сепен» ұйымдарына бөліну арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Еңбекші ауылы, Литфуллин көшесі, 8А. Тел.: 87761311888.

11. «Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде лауазымды тұлғалары мен мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамаларын және «Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі»н бұзу туралы деректерін хабарлау үшін 30-02-30 сенім телефоны жұмыс істейді.

13. «Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы» мекемесі «Қонаев университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып ауыстырылады. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 107. Тел.: 8(727)2929877.

19. «NAK Construction» ЖШС өзінің «Нұр Астана Құрылыс» ЖШС-не қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «NAK Construction» ЖШС-нің кредиторлары өз талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша мәлімдеуіне болады: ҚР, 010000, Астана қаласы, «Шұбар» тұрғын алабы, Арай көшесі, 29А ғимарат.

20. «SANA consult» ЖШС өзінің «Нұр Астана Құрылыс» ЖШС-не қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «SANA consult» ЖШС-нің кредиторлары өз талаптарын хабарлан-

дыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша мәлімдеуіне болады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Арай көшесі, 29А ғимарат.

21. «Нұр Астана Құрылыс» ЖШС өзіне «NAK Construction» ЖШС-н және «SANA consult» ЖШС-н қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «Нұр Астана Құрылыс» ЖШС-нің кредиторлары өз талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша мәлімдеуіне болады: ҚР, 100009, Қарағанды қаласы, Жәнібеков көшесі, 97 ғимарат.

22. Қостанай қалалық соты Қостанай қаласы, Қайырбеков көшесі, 385/1 үй, 59 пәтер мекенжайында тұратын Кәкімов Елтай Асқарұлының арызы бойынша 30.06.1982 ж. т., Қостанай қаласының тұрғыны Кәкімов Ербол Елтайұлын хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Е.Е. Кәкімовтың орналасқан жері туралы мәліметі бар адамдардың бұл туралы жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72 үй мекенжайы бойынша сотқа хабарлауыңызды сұраймыз.

БАНКРОТТЫҚ

23. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 27 ақпандағы ұйғарымымен «Мұнай синтез» ЖШС-н (БСН 090740007068) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

24. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 27 ақпандағы ұйғарымымен «КОММЕРЦ TRADE» ЖШС-н (БСН 120640001985) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

25. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 6 наурыздағы ұйғарымымен «АстанаГазСервис» АҚ-ын (БСН 01064000342) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

Павлодар облысы соттарының, Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Павлодар облысы бойынша филиалының ұжымдары Түркістан облысының прокуроры

Әлиханов Марат Тілеуқабылұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы мен ардагерлері әріптесіміз Жамбыл облысы бойынша Соттар әкімшісінің қаржы бөлімінің басшысы Аширбаева Райхан Қонақбайқызына анасы

Дәметкен Сейдалықызының

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиббаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

I. Күдік пен сенім

Облыстық Ішкі істер департаментінің кезекші бөліміне келген кезде сағат тілі түнгі онды көрсетіп тұрған еді. Кезекші 101-дің күтіп отырғанын айтты. Полицейлер өз арасында департамент бастығын 100-ші, бастықтың бірінші орынбасарын 101-ші, қалған орынбасарларын ретінше 102, 103, 104, 105 деп атайтын. Бұл өзге жұртқа түсініксіз болғанымен, сала қызметкерлерінің барлығына түсінікті, әрі қызметтік қолданыста тиімді болатын.

Басқышпен екінші қабатқа асығыс көтеріліп келе жатқан қылмысты іздестіру бөлімінің аға өкілі, капитан Нұрлан Қыдырбаев санасындағы «Күтіп отырған... Нағыз азамат... Нағыз опер ғой...» деген ой облыстық ішкі істер департаменті бастығының бірінші орынбасары, полковник Ахметов Ғалымжанға деген ризалық ықыласты және басшыға деген құрмет пен мақтанш сезімін бір арнаға тоғыстырып жіберген болатын.

Бұл кезде жұмыс кабинетінде полковник ауыр ой үстінде отыр еді. Заман не болып барады... Егемендік алдық-ау, бірақ, біраз нәрсені жоғалтқан жоқпыз ба. Қылмыс көбейіп кетті, бара-бара не болар екен? Бұрын кісі өлімі сияқты ауыр қылмыс облыс бойынша айына, жылына бірді-екілі болатын. Тіпті, мұндай ауыр қылмыс болмаған жылдар да болды. Ал қазір ай сайын ондаған кісі өлімі тіркелуде, бұрын кездеспейтін ауыр қылмыс түрлері өсуде. Мына заман не болып барады, өзі? Полковник санасында күдік пен сенім майдандасып жатқан тұста есік қағылды.

- Рұқсат па екен, полковник мырза?
- Иә. Нұрлан. Кел, жақынырақ отыр.
- Айып етпеңіз, полковник мырза, көп күттіріп қойған жоқпын ба?
- Е...Ештеңе етпес... Өзім де осы шамада шаң берер деп отырғам. Ал баянда, шаруа не болды?
- Күдіктіні көрші облыстан, тағы да Созақтан таптық. Бұрынғы үйді бірнеше күн аңдып жүріп, қолға түсірдік. Бүгін өзіңізге телефон соққан шамада Жаңақорғанға әкелдік. Бірден ИВС-ке (уақытша ұстау абақтысы) апаруға қауіптеніп, жасырын түрде бір үйде ұстап отырмыз. Ертеңісін РОВД жедел уәкілі Ертаев Қазыбек пен басқарманың жедел уәкілі Сейітов Асқар сонда апарды. Бұрын осы күдіктіні екі рет әкеп, ИВС-қа қамалдық қой, бірақ тергеушілер істі «Дәлел жоқ» деп қысқарта берді емес пе? Тағы да сондай болып, араға сөз жүріп кете ме деген оймен осылай істеуге мәжбүр болдық. Сосын тура өзіңізге келе жатырмын.

- Күдіктінің өзі не дейді?
- Бұрынғысы... Тура өткен жолғыдай. Кісі өлтіргенін мойындайды. Менің қорқып отырғаным, бұрын да дәл осылай қылмысын мойындап, тергеу кезінде басқаша сыйрап, айтқанынан танып шыға келді ғой. Ақыл, бағыт беретін біреулер бар және олардың бізбен қызметтес болуы да мүмкін. Күдігіміз болғасын осылай істедік... Жігіттер түймен сол үйді ұстайды.
- Бұл жайлы РОВД басшылары біле ме?
- Жоқ. Әзірге Ертаев, Сейітов үшеуіміз ғана білеміз. Бұл жолы бізге мықты, қолы таза тергеуші керек. Әйтпесе бұл қанішер тағы да бостандыққа кетеді.

- М-м-м... Қиын іс, оқиғаның болғанына алты жыл өтіп кетті. Дерек пен дәйек табу да қиын. Кешегі күннен «сотый» демалысқа кетті, ол кісі де көп жылдар бойы қылмысқа қарсы күресіп келе жатқан адам ғой, мен уақытша оның міндетін атқарушымын.
- Полковник мырза, мынау тіпті дұрыс болды ғой онда. Ендігі мәселе тергеушіге тіреліп тұр емес пе?! Тергеу басқармасына бұйрық берсеңіз болды ғой.
- Бұйрық берілер... Осы істі кімге тапсыруға болар екен деп ойланып отырмын. Бұрын барған тергеушілер де тәжірибесіз емес-ті...
- Полковник мырза, бұл істі ашса тек Асылбаев Орынбек қана ашуы мүмкін. Қалалық ГСК (МТК)-да бірге қызмет атқардық, ол тергеу бөлімін басқарды, мен тергеуші болдым. Оның жігерлілігі, талапшылдығы, алған бетінен қайтпайтыны тап осы жерде керек-ақ.
- Оны біреулер тік мінезді деп жатады ғой.
- Бәлкім, біреулерге ұнамай қалған болар. Бірақ ары да, қолы да таза азаматтың бірі. Таудағы Қарабах соғысына қатысқан, жас болғанымен өмірдің ащы-тұщысын көрген жігіт.

ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

(Хикая-детектив)

- Келістік. Онда ертең Асылбаевты күтіндер. Ал, іске сәт! Жолың болсын! Екеуі де орындарынан тұрды. Қылмыспен күрес саласында тер төккен екі азаматтың да санасында осы тұста күдіктен гөрі сенім асқақтай бастаған болатын.

2. Қиын түйін

1999 жылдың көктемі кештеу келді, жер лайсаң. Аспанды қақырата найзағай ойнады. Кім білген, бәлкім, бұл жаратушының пенделер тойымсыздығы мен жауыздығына деген ашу-ызасы ма екен, әйтеуір, жерді тітірете сатыр-сұтыр, жарқ-жүрқ етті. Қызылорда-Жезқазған тас жолының 120-шақырымындағы «Қыздың шұбары» атты жердегі кісі өліміне байланысты іс тергеуін аяқтап қалған аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші Орынбек Асылбаевтың есікке беттегені сол еді, кезекшінің дауысы естілді.

- Капитан! Саған Оңғарбаев «Тез келсін!» деп жатыр.

Бұл ойланып қалды. Тергеу басқармасы бастығының орынбасары неге іздеді екен?

- Жайшылық па?
- Білмеймін. Көкең «қылғынып жатыр!» Тез жеткейсін.

Есік қағып рұқсат сұраған еді, іштен «кір!» - деген жарықшақты үн естілді. Үстел басындағы Оңғарбаев түтеп отыр екен.

- Қайда жүрсің? Әй...Таң атқаннан сені іздеп қырыла жаздадық қой, А..?

- Кеше түндегі жиналыста: «Басқа істерді қоя тұр да, ана істі бітір!» - дегеніңіз бойынша кісі өліміне байланысты істі аяқтап қалдым. Соған қатысты тергеу изоляторына бара жатырмын, адвокатпен келісіп қойдым. Оның да жұмысы көп екен, сондықтан...

- Тоқта! Бәрін таста! Жинал! Жаңақорғанға барасың!

- Ау, бүгін бітірмесем ана іс отчетқа енбей қалады ғой.

- Отчет?! Әй... Мен саған не деп тұрмын...

Оңғарбаевтың ашуланғанда дауысы қырылдап, тамағы сырылдап, кей сөздері түсініксіз болып кететінін білетін бұл, әліптің артын бақты.

Жаңақорғандағы не іс екен? Менен басқа кімдер барады? Қандай қаулы, хаттама бланкісін ала кеткен жөн? Не болса да бір төтенше жай болып тұр ғой, әйтпесе әлгі кісі мұнша бүлінбес еді, тіпті, дұрыстап мән-жайды да түсіндірмеді. Қағаз-құжаттарды жинақтап коридорға шыққан ол тергеу басқармасы бастығының тергеу өндірісіне жауапты орынбасары Күнберген Бердібаевтың дауысын естіп бұрылған еді, оның кабинетіне кіріп бара жатқанын көрді. Көп жылдар прокуратурада қызмет атқарған, қала прокуратурасы бірінші орынбасары болған, тергеу саласының майталманы саналатын бұл азаматты ішкі істер органы қызметкерлері құрмет тұтатын, артық сөзі жоқ, сыпайы, нағыз зиялы жан кейінгі буынға көмек беруден де қашпайтын. Тергеушілер арасында айтылған: «қылмыстық іс Күнберген «Іс болмайды» десе 100 пайыз, ал егер «Іс болуы қиын десе» 99 пайыз соттан өтпейді» деген пікір ақиқатты тәмсілге айналып кеткен болатын.

Бұл да оның ізін ала кабинетке енді. - Күнеке! Мені срочно Жаңақорғанға жіберіп жатыр! Шұғыл бір жағдай болып қалған жоқ па? Не іс, не оқиға, хабарыңыз бар ма?

- Өткенде Ғайса барып келген іс болса керек. Ол бір қиын түйін екен. Іс шығуы қиын, себебі оқиға осыдан алты жыл бұрын болған, бұл уақытта оның өлім себебін сот-дәрігерлік сараптама-сы анықтап бере алмайды ғой.

Осы кезде кабинетке Дат Оңғарбаев кіріп келді.

- Әй, Асылбаев, неғып отырсың! Ей, мынаған дауа жоқ екен ғой, өзі. Менің Жаңақорғанға кет дегеніме екі сағат болды ғой. Жаңа бастық звондап, айқайлап жатыр: «Тергеушің қайда» - деп. Кабинетіңе барам - жабық, кри-



миналистерге барам - жоқ, сыртта анау уголовный розыскының машинасының тұрғаны таңылып. Бұл болса мында отыр ғой шәһіп... Не деген адамсың... Смотри - а... бастығым айтты екен деп жүрген бұл жоқ...

Кезекші бөлімнің тұсынан өтіп бара жатқанда жауапты кезекшінің дауысы естілді: «Тергеуші Жаңақорғанға шықты ма деп сұрап жатыр 101. Ана оң жақта тұрған Жигули апарып салады. Мен бастыққа баяндай берейін».

Бұл отырысымен қозғалған «ВАЗ-2106» автокөлігі жер апшысын қуыра жүйіткілді. Осы тұста тергеушінің ойына кейбір жәйттер түсе бастады. Рөлдегі айтқан әңгіме болды ғой... Алты жыл өтіп кетті, ә? Атқа сүйретіп, шылбырмен қылғандырып өлтірген... Иә... Ау, сонда мотив қайда, қылмыскер не үшін мұндай әрекетке барды? Неге кезінде іс ашылмай қалды, тергеушілердің босатуына не себеп? Күнекең мана іс шығуы қиын деді-ау. Онымен де ақылдаса алмай қалдым. Кезінде аса мән бермейтін, бұлай боларын білгенде Нұрланнан үтір-нүктесін қалдырмай сұрайтын еді ғой. Та-ак... Айтпақшы, құдай біледі Нұрлан сол Жаңақорғанда жүрген болар. Иә, оның хваткасы мықты ғой, сол шығар күдіктіні ізнен қалмай індетіп жүрген... Не болса да бара көрермін».

Әне-міне дегенше Жаңақорғанның да төбесі көрінді. Сержант жылдамдықты бәсеңдетер емес, кентке жақын тұстағы жол айрығына орналасқан МАИ бекетінің де алыстан сұлбасы көріне бастады. Бұлар күтіп тұрған көлік жанына тақай тоқтаған сәтте машинадан үстінде сұр вельветтен тігілген қонымды костюм-шалбары бар, шашына ақ түсе бастаған көрікті жігіт жымия түсіп келе жатты. Иә, бұл Нұрлан еді.

3. Із кесу басталғанда

Нұрлан машинасын күре жолдан шеткерірек, арнайы тоқтауға қалдырылған орынға қойды да әңгімеге кірісті.

- Ореке, бұл аанада өзіңе айтқан әңгіме ғой... Қысқарта айтпаса, түгел баяндауға бір күн кетер, ал уақыт тығыз... Оны өзің де білесің. Бірақ, өзіңе негізгі жәйттерді айтпаса тағы да болмайды. Сонан соң барып бағытымызды анықтап, жоспар құармыз.

Иә, 1993 жылы «Нұржол» колхозының бақташысы Ордабек Әнесұлын сол ауылдың тұрғыны Сағадат Кәрішәлов есіке іздеп барып төбелеседі. Содан соң ол құлаған кезде шылбырды ілмектеп жіберіп тұзақ қылады да, атқа мініп алып сүйрете жөнеледі. Содан бір кезде сүйретілген дене қыбырламай қалғасын атынан түсіп барса, ол өліп қалған екен. Сол кезде олармен ауылдас Тұрғанбай Разақов деген кісі келіп қалады да, екеулеп өліктің қалтасындағыларды алады. Ордабектің өлгеніне анық көздері жеткесін, оны сол айдалаға тастап кетеді. Мұны алыстан көрші ауылдың қой бағып жүрген екі оқушысы Сурлдан мен Жолбарыс Мәтенөвтер де көрген. Бірақ балаларды да, Тұрғанбайды да біреулер қорқытқан болуы керек, олар тіс жарып ешкімге айтпаған. Мәйітті бір аптадан кейін бе, әлде одан да көптеу

уақыттан соң ба тапқан. Көзін және т.б. ашық тұстарын құс шұқып тастаған, бет пішінінен тану мүмкін болмаған, тек марқұмның әйелі ғана танып, сосын ел боп жерлеген. Марқұмның артында жеті баласы қалды, тұрмыстары өте ауыр.

Осы іспен алғаш айналысқан жігіттер ешнәрсе шығара алмаған. Мен уголовный розысқаға ауысып келгенімде ашылмай қалған осы қылмыстық іс марқұмның әйелінің арызы бойынша менің қолыма тиді. Жаңақорғанға хабарласып, Ертаевпен сөйлесем, ол «Ел ішінде ызың-ызың өсек бар», - дейді. Содан із кеспейміз бе, аудандағы Ертаев пен біздің Сейітовтерге көп-көп рақмет, нағыз оперлар ғой, біраз көмегі болды. Сөйтсем, олар да осы істің ашылмай қалғанына ызаланып, намыстанып жүрген екен. Үшеуіміз жан-жақты қара бастадық, сөйтіп осы Сағадат Кәрішәловтың мас болып отырып, бір құрдасына «Ордабекті мен өлтірдім» деп айттып қойғанын естіп, әлгі адамды тауып алдық. Оған да біраз уақыт өтті, алғашында ол «Естіген жоқпын» деп ат-тонын ала қашқан, кейіннен жесір әйелдің жайын айтқасын құдайдан қорқыты ма, әйтеуір, «Әңгімені естігенім рас, бірақ Сағадат ол кезде қатты мас еді», - деді. Сонымен не керек, Сағадатты тауып, әңгімелестік, араққа тойдырдық, міне осы кезде ол Әнесұлын өлтіргенін мойындады. Ертеңіне РОВД-ға алып келдік, біз оны-мұны құжаттармен жүгіріп жүрсек, ол біреулердің көмегімен шығып кетіпті. Санымызды соқтық та қалдық. Сұрасақ ешкім ештеңе білмейді, жауап беретін де ешкім жоқ, кезекші қызметкер «Ондай адамды көрген жоқпын» - деп қарап тұр.

Не істейміз, қатты ызаландық, өзімізді өзіміз кінәладық. Кім білген, барлығын мойындап отырған адам ондай әрекетке барады деп ойламайсың ғой. Сонымен тоқетері - күдіктіден айырылды, қызметтестер бізге күле бастады. Алайда бұл бізге сабақ болды, мұның қорғаушылары, қолдаушылары тек билікке емес, өз ішімізде де жүргенін түсіндік. Тағы іздеуге кірістік. Ол ұзақ әңгіме, кейінірек айтармын. Бір жылдан аса іздеп, ақыры Созақтан таптық. Тағы да арақ ішкіздік, әңгімелестік. Өткен жолы неге қашып кеткенін сұрадық. Ол «Қашып кетпегенім, өзін менттердің босатып жібергенім» айтты. Бұдан соң негізгі әңгімеге, Әнесұлы мәселесіне көштік. Тағы сол... Ордабекті өлтіргенін мойындап отыр. Оны Жаңақорғанға әкелдік. Бірден ИВС-ке рәсімдедік. Бәрі дұрыс-ау, бірақ, тергеу басталып еді... УВД-дан шақырған тергеушінің өзі «Ешқандай дәлел, дәйек жоқ, соттан өтпейді» дегенді айта бастады, сол, сол-ақ екен мынау: «Мен ештеңе білмеймін, ешкімді өлтірген жоқпын», - деп сөзінен танып шыға келді. Біздің диктофонға жазып алғанымыз дәйек болмай қалды. Бәрі де «Мас адам не демейді» - деп бізді мазасқ қылды. Ол да басы бұлақпақтан: «Менің бұлайша айтуым мүмкін емес», - деп қарап отыр. Қалай күймесің... Ертаев, Сейітов үшеуіміз ашу мен ызадан не істерімізді білмедік.

Оны тағы да босатып жіберді. Біз мұның теңін емес екенін сездік. Әшейінде біреулер нақақтан күйіп жатады ғой, ал бұл болса тура құлып астынан

сылт етіп шыға келеді. Оның хабары тағы да Созақ жақтан шықты. Мен 101-ге барып, барлығын баяндадым. Ол кісі асықпай тыңдады да: «Бұл не қылған суға бептайтын, отқа жанбайтын пәле, тергеушілер неге қауқарсыз отыр? - деп біраз ойланды. Сосын маған: «Күдіктіні алып қайтыңдар, оның Созақтан кетуін өз қалауы етіп көрсетіңдер, мәселен Түркістанға ма, Шымкентке ме қыдырып кеткен болсын. Сендердің онда барғандарың да құпия қалғаны дұрыс. Өйткені, оның қолдаушылары Созақпен хабарласып отыруы мүмкін. Жаңақорғанға әкелген алдын ала дайындап қойған үйге ұстандар, көп адамның білмегені жөн. Жігіттерге ескерт, ауыздарына ие болсын. Мұны бізден басқа тірі пенде білмеуі керек. Сосын өзің маған хабарлас», - деді.

Міне, кеше кешкісін оны Жаңақорғанға әкелдік. Бір үйде қонақ қылып сыйлап жатырмыз. Біздің Штирлиц болып жүргеніміз де сондықтан. Ауданда біреу білді дегенше болды - ел «ғу» ете қалмай ма, онда тағы да тақырға отырып қалуымыз мүмкін. 101-ге хабарласып, түнде Ақмешітке барып қайттым. Бастыққа жолығып, осылай бастауға шештік. Істі тергеуге сенің кандидатуранды мен ұсындым.

- Е...е...! Неге маған осында «Шұғыл бар!» - деді деп бас қатырып отырсам. Барлығын бүлдіріп отырған сен екенсің ғой. Е, бұл бір қиын іс екен...

- Енді ше. Қиын болмаса сені қозғаймын ба... Істі соттан өткізуге бір дерек, қолға ұстарлық бір дәлел болмай тұр ғой.

- Ендігі бағыт қалай?

- 101-сенімен күдіктіні кездестірген дұрыс деп отыр. Оған сенің кім екенінді айтпаймыз. Қазір ол ұйықтап жатыр. Тұрғасын сен қақпалап әңгімеге тартсаң, ол бізге айтқанын қайталаса, соны видеоға жазып алсақ деп ойлаймын. 101 сержанттан шетелдік шағын видеокамера беріп жіберемін деген. Сау кезінде өзі мойындап отырса ол да бір дәйек ғой.

- Е... бәрін дайындап қойдым десеіші.

- Қолдан келгені ғой...Әңгіме арасында бір ілік тапсаң тіпті жақсы болар еді. Жалпы, ендігі шаруа сенің қолыңда. Біз көмекшіңбіз. Бірақ абайлап жұмыс істеу керек, бұл жердің өсегі көп.

- Өзім де соны ойлап отырмын. Істің жалпы сұлбасы белгілі болды. Бірақ сұрақ қалай. Жинақталған материалдар қайда?

- Ертаевтың өртенбейтін дәу сейфінде сақтап отырмыз.

- Жақсы-е... Онда біз былай істелік. Менің бүгін осында келетінімді РОВД басшылары біліп отыр. Онда бармай тағы болмайды, барғасын мені аңдитаыны, бақылайтыны анық. Ол кезде жаңағы жоспар іске аспай қалуы мүмкін. Тіпті, «Азаматты заңсыз, күштеп ұстап отыр» - деп, бізге жала жабудан да қалпас олар. Өрекеттеріне, із жасыру тәсілдеріне қарап олардан мұны күтуге болатын сияқты. «Оны қолдаушылар, қорғаушылар өз арамдызда жүр» дегенің көкейге қонады. Сондықтан мен қазір РОВД басшысына барайын. Ертең жексенбі ғой, бастыққа бір-жар күн Өзгентке, туған ауылға барып демалып қайтайын, тіпті сүрнігің өлетін болдым - дейін. Ол бұл іске мүдделі болса менің ұсынысыма қуана-қуана келесің. Сосын біреуге «Жеткізіп сал» дер, не болмаса «Солай қарай бара жатқан көлікке мінгізіп жібергендер» - дер. Асылы, өздерінде машина жетпей жатқанда мені қайтсын, сол соңғы жоба дұрыс болар. Тіпті, «Жігіттер солай бара жатқан бір көлікке мінгізіп жіберсе» - деп ұсынысты мен-ақ жасармын, одан пәлендей ештеңе өзгермейді. Ал сен мені дарияның арғы бетінен күтсең, өйткені әлгі мені шығарып салған адамға «Тергеушінің анық Өзгентке кеткеніме көз жеткізі» - деп тапсырма да беруі мүмкін. Мейлі, біздің бастықтарға телефондап, мені «Бір маубас екен, демалып жатыр» - дер. Онысы бізге жақсы, мүдделілердің бейқамдығын қамтамасыз етеміз. Қалай дегенде де ұтылмауымыз керек қой. Сондықтан сәл алыстау болса да сенімді болғаны дұрыс қой. Сенің басқа біреудің машинасын сұрап алғанын жөн сияқты, көзге іліне бермейтін «Москвич» болса тіпті қатып кетер еді. Оның үстіне, марқұмның ауылы дарияның ар жағында тиіп тұр ғой. Әнесұлының отбасына барып, әйелімен сөйлесе келген де жөн болар.

Алдаржап ӘБІЛОВ Жалғасы келесі санда.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Батыс Қазақстан) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансая Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадияр Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5515 дана Апталық таралым 11 054 дана Тапсырыс №38 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31